

## СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



### ӨНЕРМЕН ӨТКЕН ӘН ҒҰМЫР

4-бет



### «ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ

6-7-беттер



### ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ

8-бет



# ЕЛІМІЗДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ бейнеүндеуі

#### Құрметті отандастар!

Баршаңызға мәлім, Мен биыл халыққа Жолдауымда саяси жаңғыру туралы ауқымды бағдарлама ұсындым. Бұл құжат қоғамда жан-жақты талқыланды. Сарапшылар қауымы және белсенді азаматтар осыған қатысты өз пікірін білдірді. Қалың көпшілік қолдау көрсетті.

Жолдауда айтылған бастамалардың негізгі мақсаты – саяси жүйемізді түбірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегінен туындап отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды. Сондай-ақ саяси үдерісті түбегейлі демократияландыру қажет деп санайды. Мұны тиімді жүзеге асыру үшін Ата заңымызға өзгерістер енгізу қажет.

Бір сөзбен айтқанда, конституциялық реформа жасау керек. Осыған орай менің тапсырмаммен арнаулы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар және құзырлы органдардың өкілдері кірді.

Жұмыс тобы Негізгі заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын әзірледі. Оны мұқият зерделеп, Конституциялық кеңеске жолдадық. Бұл орган өз қорытындысын ұсынды. Құжат жобасы Ата заң нормаларына сай келеді. Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам бастық. Енді Негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар.

Ата заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр.

27 жыл бұрын өткізілген референдумда қазіргі Ата заң қабылданды. Одан кейінгі барлық конституциялық реформа Парламентте мақұлданды. Негізінде, бұл заңды қалыптасқан тәжірибе. Бірақ дамудың жаңа кезеңінде, Жаңа Қазақстанды құру жолында еліміз үшін осындай аса маңызды шешімдерді бүкіл халық болып қабылдауымыз керек. Бұған көміл сенемін. Сондықтан бүгін мен Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Конституциялық түзетулер жобасы бойынша азаматтардың жаппай дауыс беруі біздің демократиялық қағидаттарды берік ұстанатынымызды білдіреді.

Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысты жасауға өз үлесін қоса алады. Конституциялық реформа барлық мемлекеттік

модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламенті және есеп беретін Үкіметі бар президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді.

Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Мәслихаттардың ықпалын арттырады.

Мәжіліс пен облыстық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың аралас мажоритарлы-пропорционалды моделі енгізіледі. Бұл қадам сайлаушылардың көзқарастары мен пікірлерін барынша толық қамтуға мүмкіндік береді.

Аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттарын сайлаудың мажоритарлық жүйесінің толықтай енгізілуі өңірлердің тыныс-тіршілігіне азаматтардың ықпал ету мүмкіндігін арттыруға жол ашады.

Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардан дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық қызмет атқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ құқық қорғау саласы бойынша маңызды өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, Конституциялық сот құрылады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, яғни омбудсменнің мәртебесі Ата заңмен айқын-

далады. Елімізде өлім жазасы мүлде жойылады. Мұның бәрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жасалып жатыр. Алдағы конституциялық реформа ел дамуының жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді.

#### Құрметті отандастар!

Біз бәріміз бір ел болып Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құрамыз. Әрбір азаматтың құқығы қорғалатын мемлекет боламыз. Бәріне бірдей мүмкіндік береміз. Әркім қарым-қабілетіне сай қоғамнан өз орнын иеленеді. Халықтың ой-санасы жаңғырып, өмір салты өзгереді. Біз мемлекеттік жүйені жетілдіріп, қоғам мен биліктің тиімді диалогын орнатамыз. Осылайша, Екінші Республиканы қалыптастырамыз. Конституциялық реформа мұның бәрін табысты жүзеге асыру үшін қажет.

Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршаңызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын!

Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін!

Еліміздің жарқын болашағы – өз қолымызда! Күшіміз – бірлікте! Бірге болайық! Береке-бірлігімізді нығайтайық!

**«Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, Жауыңды қирата алмайсың», – дейді халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы. Соғыс жылдары Кеңес әскері қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылыпты. Оның 601 мыңы туған жерге оралмаған. Қазақстандық әскерлер майдан даласында ерлікпен шайқасты. 100 000-нан астам отандасымыз жауынгерлік ерліктері үшін медаль-ордендермен марапатталды. Шамамен 500 қазақстандық Кеңес Одағының батыры, 100-ден астам адам «Даңқ» орденінің иегері атанды. Қазақстандық ұшқыштар Талгат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский «Кеңес Одағының батыры» ең жоғары құрметті атақты екі рет иеленді. Бүгінде елімізде Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагердің 380-інің ғана көзі тірі.**



## ҰЛЫ ЕРЛІККЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ!

Жеңістің 77 жылғының ақ таңы жылдағы дәстүрге сай 1941-1945 жылдардағы соғыс құрбандарын еске алуға арналған «Даңқ» аллеясындағы «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қоюдан басталды. Майданда қаза тапқандар рухына тағзым еткен қала әкімі мен тұрғындар одан әрі «Алаш» алаңындағы мерекелік іс-шараға қарай бет алды.

## АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

1941-1945 жылдардың ел басына күн туған қаһарлы да қанды күндерінде ер етігімен су кешіп, ат ауыздықпен су ішкен кезеңін өз көзімен көрген жезқазғандық соңғы соғыс ардагері Иван Кузьмич Артеменко еді. Ол 1926 жылғы 20 мамырда Алматы облысы Сарканд ауданы Покатиловка селосында дүниеге келген. Майдан шебінге аттанғанға дейін Талдықорған облысы Антоновка селосында жұмыс істеген. Иван Артеменко соғысқа 1943 жылы аттаныпты. Ленинград майданында және Прибалтикада шекара әскері құрамында аға сержант шенінде бөлімше командирі болып соғысқа қатысқан. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, Кеңес Одағының Маршалы Г. К. Жуков медалімен және мерекелік медальдармен марапатталған. Соғыс ардагері 1953 жылы елге оралған. Жезқазған қаласында 1975 жылдан бері тұрған. Жезқазған байыту фабрикасында жұмыс істеген.

Мереке қарсаңында соғыс



ардагерін «AMANAT» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды филиалының атқарушы хатшысы Бауыржан Шыңғысов пен «Қазақмыс» корпорациясының Жезқазған аймағы бойынша

әлеуметтік және еңбек қатынастары басқармасының басшысы Сабыржан Тембаев құттықтап барды. Биыл республика бойынша барлық соғыс ардагерлеріне 1 млн теңге көлемінде бір реттік төлем аударылған болатын.


«Қазақмыс» корпорациясы да соғыс ардагеріне осындай сомда көмек көрсетті.

– Қадірлі Иван Кузьмич, сіз біздің мақтанышымызсыз. Сіз секілді майдангерлердің көзсіз ерлігі болмағанда, бейбіт заманнан хабарсыз күйдің қамытын бастан кешер ек. Даңқты жолыңыз ұрпақтарыңызға мөңгі үлгі. Кейінгі балалар сіздің ерлікке толы жолыңызды үлгі етеді. Ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдары адам төзгісіз қиыншылықтарды қайыспай көтеріп, елдің қорғаны болғандарыңыз үшін Сізге бас иеміз! – деді Бауыржан Шыңғысов.

Музыкалық колледж студенттерінің домбыра, баян аспаптарының сүйемелдеуімен соғыс жылдарындағы әндерден орындаған попуридің тыңдаған Иван Артеменконың көзі еріксіз жасқа шыланды.

9 мамыр – Ұлы Жеңістің 77-ші көктемінде 96 жасқа қараған шағында Жезқазғандағы соғыс ардагері Иван Артеменко дүниеден озды. Бақұл болыңыз, мың алғыс сізге, майдангер!

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. А



## АҚПАРАТ АРНАСЫ

**Мәжіліс азаматтардың борыш жүктемесін азайтуға қатысты заң жобасын талқылайды**

**Парламент Мәжілісі «Қазақстан Республикасы Азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң жобасы мен ілесіп құжаттарды талқылайды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.**

«Аталған заң жобаларының мақсаты – Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілетсіздігіне байланысты мәселелерді шешуге бағытталған қазіргі заманғы төлем қабілеттігін қалпына келтіру институтын құру. Атап айтқанда, борышкерлерге қатысты соттан тыс банкрот рәсімі, төлем қабілеттігін қалпына келтіру және сот банкроттығы қарастырылған. Заң жобасын салалық заңнамалық актілермен сәйкестендіру және тиісті рәсімдерге қатысушылардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу қажеттігі көзделген. Қаржы және бюджет комитеті осы заң жобаларын қарап, ол бойынша 2023 жылдың 26 сәуіріне дейін қорытынды әзірлеуге дайын», – деді Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Марат Құсайынов палатаның жалпы отырысында. Сонымен қатар, палата депутаттары «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілесіп заң жобасын да қарайтын болады. Тиісті заң жобасы азаматтардың борыш жүктемесін азайту, әлеуметтік шіеленісті жеңілдету, қарыздар бойынша төлемдерді ынталандыру және борышкерлерді өнімді экономикалық қызметке қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

**Қазақстандық оқушылардың оқу жетістігін бағалау ережелері өзгерді**

**Білім және ғылым министрі оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау ережелеріне өзгерістер енгізу туралы бұйрыққа қол қойды. Бұл туралы Асхат Аймағамбетов әлеуметтік желідегі парақшасына жариялады, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.**

«Осыған дейін хабарлағанымыздай, бұйрықта «Алтын белгі» төсбелгісін алу талаптары айтарлықтай күшейтілді», – деген ведомство басшысы мұндай шешім мұғалімдердің 2021 жылғы тамыз кенесінде қабылданғанын еске салды. Осылайша, келесі жылдан бастап 9-сыныпты аяқтап, арнайы аттестат және 10-11-сыныптардың барлық оқу тоқсаны бойынша «үздік» деген баға алған оқушылар «Алтын белгі» төсбелгісіне үміткер бола алады. «Сондай-ақ талапкерлер НЗМ базасында математикадан емтихан тапсыруы керек. Бұл шара академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін қабылданғанын түсіну маңызды. және НЗМ-де емтихан тапсыратындарға да, жалпы білім беретін мектеп базасында тапсыратындарға да тапсырмалар бірдей болады. Былтыр мектеп бітірушілер рекордтық «Алтын белгі» алды, бірақ ҰБТ нәтижесі бойынша төмен балл алғандар болды. Осыған байланысты үміткерлерді үздік белгісіне объективті және ашық бағалау үшін емтихандардың бірі тәуелсіз білім беру ұйымында өтеді. Биыл мектеп бітірушілер емтиханды өз мектебінде тапсырады. Сондай-ақ белгіден бас тарту туралы өтініштер жарамсыз. Талаптарға сай келетін үміткерлер белгіленген тәртіпте қорытынды аттестациядан өтеді. Нормалар келесі жылдан бастап күшіне енгенімен, биыл ҰБТ қорытындысы бойынша үздік белгісін берудің объективтілігі бағаланады. Осыған байланысты мектеп әкімшілігі, білім басқармалары мен бөлімдері қорытынды емтихандарының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Әрбір жағдай бойынша ҰБТ нәтижелерінің қорытындыларына талдау жүргізіледі», – деп жазды Асхат Қанатұлы. Бұйрықтың мәтіні ҚР Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін жарияланады.

ҚазАқпарат сайтынан.

**Кезекті аппарат мәжілісінде Талап, Кеңгір, Малишбай елді-мекендеріндегі соңғы аптадағы атқарылған жұмыстар талқыланды. Отан қорғаушылар күнімен барлық қала тұрғындарын құттықтаған қала әкімі Қайрат Әбсаттаров, алдымен Талап ауылының әкімі Қайрат Бапановтың есебін тыңдады.**

Ауыл әкімінің айтуынша, Талапта атқарылып жатқан жұмыстар баршылық. 550 тұрғыны бар ауылда 30-ға жуық отбасы мемлекеттен жәрдемақы алады. Биыл Талапта үш көшенің жолы күрделі жөндеуден өтпек. Осы мақсатта 25 млн теңге қаржы бөлінген. Мамыр айының соңына дейін конкурс қорытындысы шығарылып, мердігер анықталатын болады. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автокөлік жолдары бөлімінің бақылауымен 375 метр кәріз құбыры ауыстырылмақ.

Қазір ауылда екі шағын дүкен мен мектеп асханасы ойдағыдай жұмыс істеп тұр. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын ауылда мал дәрігерлерімен бірлесе отырып, қан алу, вакцина салу сынды ветеринариялық шаруалар жүргізілген. Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес егін шаруашылығын дамытуға назар аударылғанын айтқан Қайрат Бапанов жеке кәсіпкерлердің жұмылуымен 30 гектар жерден өнім алу жоспарланып оты-

рғанын баяндады. Аталмыш мақсатта алдағы уақытта инвесторлар тарту да ойда бар.

Одан әрі мәдениет саласындағы жетістіктерді жіпке тізген Талап ауылының әкімі газдандыру жұмыстарының жайына да тоқталды. Алғашқылардың қатарында көгілдір отынның шапағатын көрген ауылдағы 139 үйдің 22-сі ғана үйге газ кіргізген. Қалғандары қыс бойы отынның таусылуын сылтау етсе, кейбіреулерінің үйге газ кіргізуге қалтасы көтермей отырғандығын алға тартты. Бүгінде үйге газ тарту жұмысының құны 450000-нан 650000-ға дейінгі аралықта қаржыны қажет етеді.

Одан әрі Кеңгір округінің әкімі Алматы Саухимов соңғы санақ нәтижесіне сәйкес, Кеңгірде 2613, Теректеде 379, Түйемойнақта 160, Қорғанбайда 111 және өзге разьездерде 71 адам тұрып жатқанын жеткізді.

Соңғы аптада тұрғындарды мазалаған жайттардың бірі – су құбырын Есқұла жерасты суына қосу мәселе-

## КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ

лесі. Құбыр іске қосылғанмен, орын алған оқиықтар әлі де бар. Бүгінде жауаптылар қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнымен бірлесіп мәселені біржақты етуге күш салып жатыр.

Алматы Саухимовтың айтуынша, Түйемойнақ станциясында әлі күнге дейін интернет байланысы жоқ. Тұрғындар шағымна сәйкес «Beeline» компаниясына хат жолданған. Олар аталған аймақта 2023 жылға қарай интернет желісін тарту жоспарда барын жеткізген. Оған дейін күтпей, ертерек қам жасауға болмай ма деген сауалға техникалық жағдайларды ескере отырып, шешім қабылданатындығы айтылды.

Кеңгір елді-мекенінде абаттандыру жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Сенбіліктер де жиі ұйымдастырылады. Биыл ауылға 120 тал егілген. Тағы бір айтарлық жайт мешіт жамағатының бастамасымен мұқтаж жандарға жалпы сомасы 207 378 теңгеге азық-түлік пакеті үлестіріліпті.

Жезқазған қалалық полиция басқармасы биыл да заңсыз қару-жарақ тәркілеу жұмыстарын жолға қойды. Есеп берілген кезең аралығында Кеңгір селосынан заңбұзушылық анықталмаған. Тұрғындар қаңғыбас иттердің көптігі салдарынан балаларының қауіпсіздігіне алаңдаулы. Аталған мәселе бойынша ветеринар мамандар ит ату жұмыстарына шектеу қойылғанын, қазір оларды ұстауға арналған арнайы орын салынып жатқаны туралы айтты.

91 отбасы, 346 адам тұратын Малишбайда тіркелген 87 шаруа қожалығы мен 3 жеке кәсіпкерліктің 65-і жұмыс істеп тұрғанын айтқан ауылдық әкімдіктің бас маманы Әлібек Майгелдинов соңғы бір аптада жер телімін беру жұмыстары жүйелі жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті.

Ауыл әлеуметінің әлеуеті артпай, ел экономикасы алға озбақ емес. Ендеше, ауыл әкімдерінің мойнында барды ұқсатып, ел сенімінің үдесінен шығу міндеті тұр.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

МТ

### МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

## ҰЛЫ ЕРЛІККЕ МЫҢ ТАҒЗЫМ!

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мерейлі мерекеде қаланың бас алаңына жиналған жұртшылық қарасы қалың болды. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» атты концерттік бағдарлама «Тұран» театр әртістерінің орындауындағы поэтикалық блокпен басталды. Соғыс жылдарының қасіретін жүректен жүрекке дөп жеткізген жас әртістердің өнері көптің көңілінен шығып, қошеметке ие болды.

Одан әрі есімі елге белгілі, күміс көмей, кең дауыс несі Ардақ Мұқышев серігіне айналған қазақтың қара домбырасымен «Жас қазақ» әнін әуелете орындады. Жас әнші Руслан Исмайлов, Әділет Әбілбай, Берік Арыстан, Асхат Сағындықов, Аяжан Дастан, Перизат Несіпбаева, Ұлжан Мұсылманбаева, Гүлдәурен Жидебаева тағы да басқа филармония әншілерінің орындауындағы әсем әндер тұрғындарға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Жезқазған маржандары» ата-әжелер хоры «Десантный батальон», «Бессмертный полк» әндерін шырап, жиналғандарды тәнті етті. Концерттік бағдарламада «Шалқыма» би ансам-

блі мен «Star danse», «Адельстарс» би ұжымдары да мың бұрала биледі.

Тарихи мереке күні соғыста қаза тапқандар рухына құран бағыштап, дұғасын арнаған жандардың бірі – 74 жастағы зейнеткер Қасқырбай Құрмансейітов.

– Бұл күн – Жеңісті жылдардың жарқын естеліктерін айтып, соғыс қасіретінен қашқанымызбен, шынайы болмысы аса ауыр күн. Қаншама жас ғұмырды көктей жұлып, аналарды аныратқан, балаларды зар жылатқан осынау соғыс жылдарынан келешек ұрпақ мол тәлім алуы қажет. Себебі соғыс бар жерде еш уақытта да жақсылық қатар жүрмек емес. Соғыс – азап пен қайғының, қасіреттің белгісі. Соғысқа менің аталарым, ағаларым да қатысқан. Бала күнімізде соғыстан бір қол, бір аяғы жоқ болып оралған талай отандастарымызды көрдік. Сол сәт соғыс азабын түсінетінбіз. Жыл сайын, тіпті күн сайын сол соғыста ұрпағының амандығы үшін соғысқан арда азаматтар саны азайып бара жатыр, – деп күрсінген Қасқырбай Құрмансейітов жастарды қандай істі болмасын ақылмен шешуге, жаман-



дықтан алыс болып, жақсылыққа үйір болуға шақырды.

– Бүгін бізде жұбайыммен бірге соғыс құрбандарын еске алып, гүл шоқтарын қойдық. Көңілде бір қуаныш, бір өкініш бар. Күн сайын қатары сиреп жатқан майдангерлерді еске аламын. Бұл орайда осындай мерекелік көңіл-күй сыйлайтын іс-шаралардың орны бөлек. Осы арқылы біз батыр бабаларымыздың жауынгерлік жолы

мен қайсарлығын дәріптеп, ән-жырға қосып, жас ұрпақтың санасына сіңіре білуіміз керек, – деген Татьяна Семьяна да ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Мерекелік концерт Жезқазған музыкалық колледжі студенттерінің орындауындағы «День победы» әнімен қорытындыланды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

МТ

## ЖАҢАРҒАН САЯБАҚТАҒЫ ЖЕҢІС ТОЙЫ

**Ұлы Жеңістің 77 жылдығын Сәтбаев қаласының тұрғындары жаңғыртылған саябақта атап өтті. Шара барысында жұртшылық «Мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойып, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етіп, бір минут үнсіздікпен еске алды.**

Мерекелік шараға қала әкімі Асқар Ыдырысов пен қалалық мәслихаттың төрағасы Татьяна Хмилярчук бастаған қаланың тыл ардагерлері мен ауған соғысының ардагерлері және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Биыл 77 жыл толып отырған Жеңісті жақынды жолында сәтбаевтық майдангерлер мен тыл еңбеккерлері де қасық қаны мен маңдай терін төккен болатын. Жерін жаудан қорғау үшін Мәскеуден Берлинге дейін барып, тылда ерен еңбек үлгісін көрсеткен еді. Өкінішке орай, майдан даласынан тірі оралған ардагерлердің бүгінде біреуі де қалған жоқ. Бірақ олардың ерен ерліктері ұрпақтар жадында мәңгі сақталып қалмақ. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жолында тер төккен тыл ардагерлерінің де



қатары жыл өткен сайын сиреп барады. Міне, Жеңіс мерекесі күні солардың ұрпақтары мәңгілік алауға келіп, ата-баба ерлігін бір сәт еске алды.

Салтанатты жиында Қала әкімі Асқар Ыдырысов

жерлестерін, тыл ардагерлерін Ұлы Жеңіс күнімен құттықтап, ақжарма тілегін жеткізді.

Бұл күні жаңарған «Жеңіс» саябағын әуезді ән мен күмбірлеген күй тербеп тұрды.

## ҰЛЫ ЖЕҢІС – БЕЙБІТ ӨМІР НЫШАНЫ



**Ұлы Жеңіс мерекесі аудан орталығындағы «Таңбалы тас» саябағында басталды. Мұнда ұлытаулықтар қаза тапқан батыр бабаларымызды бір минут үнсіздікпен еске алып, орталық мешіттің бас имамы Жанболат Рақымбердиев марқұмдардың рухына арнайы құран бағыштады.**

Будан соң аудан әкімі Советбек Медебаев пен аудандық мәслихаттың хатшысы Аманжол Мырзабеков бастаған тыл және еңбек ардагерлері, аудан әкімінің орынбасарлары мен мекеме, кәсіпорын басшылары, аудан тұрғындары «Даңк» мемориалды тақтасына гүл шоқтарын қойды

Мерекелік шара одан әрі орталық алаңда жалғасын тапты. Бұл жерде аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әуелете ән салып, күмбірлете күй тартты. Мың бұралған би мен театрландырылған қойылымдар да мерекенің мерейін көтеріп, елге қуаныш сыйлады.

Топтаманы дайындаған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

## АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ

Сәтбаев қаласындағы Ш.Ділдебаев атындағы Кеніштер сарайында Отан қорғаушылар күні және ҚР Қарулы Күштерінің 30 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Жиында қала әкімі Асқар Ыдырысов жұртшылықты мерейлі мерекемен құттықтады.

ЕЛ ҚОРҒАНЫ –  
ЕРЛЕРГЕ АРНАЛДЫ

– Отан қорғаушылар күні батыр бабалардың даңқты жолы мен Отанға адал қызмет ету дәстүрін тоғыстыратын мейрам. Бұл күн – бейбіт елдің тыныштығын әуеде, құрлықта, теңізде қорғап, өз тағдырын ел тағдырымен байланыстырып жүрген әр әскери қызметші үшін ерекше күн.

Биыл Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 30 жыл толып отыр. Қазіргі таңда Қарулы Күштер қатарында қызмет ету әр қазақстандықтың құрметті міндетіне айналды. Оған қоса, Отан қорғаушылар күніне ресми түрде мемлекеттік мереке мәртебесінің берілуі қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде жоғары маңызға ие. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Армия – мемлекеттің берік қорғаны. Бүгінгі әскер – байрақты батыр бабалардың ұрпағы. Осыны ешқашан ұмытпаған жөн, – деді қала басшысы өз сөзінде.

Асқар Ыдырысов өз кезегінде кеншілер қаласының дамуы мен өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп, қалада қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға өздерінің сүбелі үлестерін қосып жүрген бір топ азаматтарды Құрмет грамоталарымен, Алғыс хатпен марапаттады.

Салтанатты жиында Сәтбаев қалалық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы Ербол Өткелбаев та сөз алып, жерлестерін мерейлі мерекемен құттықтап, азаматтарды Отан алдындағы борышты абыроймен атқаруға шақырды.

Салтанатты шарада Ш.Ділдебаев атындағы мәдени-сауықтыру орталығының өнерпаздары ән-жырдан шашу шашып, мереке мерейін келтіретін түсті.

## ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР  
КҮНІН АТАП ӨТТІ

Ұлытау ауданының орталығындағы Мәдениет үйінде «Қазақстан – көк байрақты нұрлы еліміз!» атты мерекелік іс-шара өтті. Бұл шара Отан қорғаушылар күніне және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 30 жылдығына арналды.



Мерекелік шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранымен ашылды. Мұнан кейін Ұлытау ауданының әкімі Советбек Медебаев аудан жұртшылығын мерекемен құттықтады.

– Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін құру туралы тарихи Жарлыққа қол қойылғанына биыл 30 жыл толып отыр. Бүгінгі таңда, Отан қорғаушылар күні өз Отанын қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, ерлік пен жауынгерлік күшке ие барлық ерлердің ортақ мерекесіне айналды. Батыр бабаларымыздың арқасында елімізге бейбіт өмір келді. Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматының алдындағы негізгі міндет – осы бейбітшілікті, қауіпсіздікті сақтауға өз үлесін қосу, – деді аудан басшысы өз сөзінде.

Мерекелік лебізден кейін Советбек Тұрсынұлы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, ҚР Қорғаныс Министрінің бұйырығымен III дәрежелі «Мінсіз қызмет үшін» төсбелгісін және Ұлытау ауданының «Құрмет грамотасын» Ұлытау ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің бастығы Еркебұлан Мұстағұловқа салтанатты түрде табыс етті. Аудан басшысы сондай-ақ, Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаменті» ММ №2 жасақ №32 өрт сөндіру бекетінің бастығы Галымжан Рамазановты, Ұлытау ауданы полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Нұрлан Қонысовты, Ұлытау ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі, жұмылдыру ресурстарын есепке алу және тағайындау қызметінің басшысы Айсара Әбішеваны Ұлытау ауданының «Құрмет грамотасымен», «Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаменті» ММ №2 жасақ №31 өрт сөндіру бекетінің бастығы Мейіржан Боранбай мен Ұлытау ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің қызметкері Айтқұл Сансызбаеваны Аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттады.

Шара барысында Ұлытау ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор Еркебұлан Мұстағұлов ұлытаулықтарды мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Мерекелік шара оқушылар арасында өткен аудандық патриоттық ән байқауына ұласты.

## ЖАҢААРҚА АУДАНЫ

ҮЗДІКТЕР мен АРДАГЕРЛЕР  
МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 30 жылдығы аясында 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне арналған мерекелік іс-шара Жаңаарқа аудандық мәдениет үйінде өтті. Шараңыз шымылдығы ҚР-ның Мемлекеттік әнұранының орындауымен түрілді.

Бұдан кейін аудан әкімінің орынбасары Қанат Қожықасов аудан жұртшылығын мерекемен құттықтап, қантар айындағы қайғылы оқиғада ерлікпен қаза тапқан жаңарқалық азамат, III дәрежелі Айбын орденінің иегері, жас сарбаз Айбат Амановты бір минут үнсіздікпен еске алды.

Келесі кезек марапаттау сәтіне берілді. Аудан әкімінің орынбасары қорғаныс істері саласының бірқатар үздіктері мен ардагерлерін әртүрлі дәрежедегі төсбелгілермен, Құрмет грамоталарымен марапаттады.



Мереке барысында сарбаздарды өтіп, мәдени-сауық орталығының өнерпаздары патриоттық әндер шырқады.

## ҰЛАННЫҢ РУХЫН ҰЛЫҚТАДЫ

«Қаралы қаңтар» оқиғасы кезінде Талдықорған қаласында әскери борышын өтеп жүрген жаңарқалық азамат – Айбат Ерболұлы АМАНОВ жауынгерлік міндетін атқару кезінде қаза тапқан болатын. Отан қорғаушылар күні қарсаңында ауылдастары ұланның рухын ұлықтады.



Ерлігімен елге танылып, қаза болған жауынгер, III дәрежелі «Айбын» орденінің иегері Айбат Ерболұлының есімін жаңарқалықтар әр кез мақтанып айттып жүретін болады. Ол кешегі ел ішіне бүлік салып, бірлігімізді бұзбақ болған арам пиғылды содырлармен болған қақтығыс кезінде

көз жұмған еді. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес аудан әкімінің орынбасары Қанат Қожықасов, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Амантай Нығатайұлы және Жаңаарқа ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы Ерден Карабалин марқұмның

отбасына арнайы барып құттықтап, болашақ ұрпаққа мәңгі үлгі болып қаларлық ерлігіне бас иіп, мерекелік сыйлық табыстап қайтты.

Өз кезегінде Айбаттың әкесі Ербол да ұлының рухын ұлықтаған аудан басшылығына ризашылығын білдірді.



9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай аудан орталығындағы «Даңқ» монументі мен А. Дәулетбеков ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімі өтті. Оған аудан әкімі Юржан Бекқожин, аудандық мәслихаттың хатшысы Қуат Имантүсіпов, тыл және еңбек ардагерлері, мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.

Салтанатты жиында аудан әкімі Юржан Бекқожин аудан жұртшылығын мерекемен құттықтады. Әрі қарай мерекелік шара басталып, аудан басшысы құттықтау сөз сөйледі.

– Бұл мейрам – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен гүлденуі осынау мерекенің жемісі, – деді аудан басшысы өз сөзінде.

## ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ



Мұдан соң мерекелік шараға жиналғандар қаза тапқан батыр бабаларымызды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Мерекелік шара аудандық орталық алаңда мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарлама-сымен жалғасты.

\*\*\*


Жеңістің 77 жылдығына орай Қызылжар кентіндегі «Тәуелсіздік» саябағында арнайы мерекелік салтанатты шара өтті. Оған тыл, еңбек ардагерлері, мекеме басшылары, біршама қызметкерлер қатысып, көпшілік ерлікке тағзым жасап, гүл шоқтарын қойды.

Жиында бірқатар ардагерлер сөз сөйлеп, ел тәуелсіздігі мен бейбітшілігінің баянды болуын тіледі. «9 мамыр – әрдайым бәріміздің мерейімізді үстем ететін күн. Майдан даласындағы жауынгерлік ерлік пен тылдағы қажырлы еңбекке

тағзым етеміз. Бұл – нағыз батылдықтың, әскери даңқ пен патриотизмнің мерекесі. Ұлы Жеңіске үлес қосқан батыр бабалардың даңқты жолы ешқашан ұмытылмайды», – деді жиналғандар

# Жайық БЕКТҰРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ ЖУРНАЛИСТ, ЖАЗУШЫ ҺӘМ ҚАЙРАТКЕР

*Жайық Бектұровтың есімі Қарағанды өңіріне ғана емес, күллі қазақ еліне кеңінен танымал десек болады. Әсіресе, әдебиет пен тарих жанапшырлары оны жақсы біледі. Өйткені, кешегі аумалы-төкпелі заманда қазақ зиялыларының ішінен шыққан ойы тұнық, арманы асқақ Жайықтың ұлтшылдық көзқарасы кеңестік заманның сойылын соғушыларға жақнай, жалындаған жастық шағы азап пен айдауда өтті...*



Журналист, жазушы, Қарағанды қаласының құрметті азаматы Жайық Көгенұлы Бектұров 1912 жылы 10 маусымда Ақмола уезінің Моншақты болысында (қазіргі Астана облысы, Алексеев ауданы, Үрпі ауылы) туған. 1928 жылы ҚАССР-нің Халық ағарту комиссариатының мұғалімдер курсы бітірген соң, Атбасар қаласында мұғалім болған. Ол 1934 жылы Қазақ коммунистік университетін, ал 1955 жылы Қазақтың мемлекеттік университетін бітірген.

Кешегі сапты аяқтың сабына қарауыл қойып кеше ішкен 1932-1937 жылдары ол комсомол қызметінде жүріп талай сұмдықтың куәсі болды. Оның өз ұлтына, ұлтының асыл перзенттеріне деген ерекше көзқарасы сол кездері тіптен артып, араша болар пәрмені болмай, қатты күйзелді. Ұлттық мүддені өзгеден жоғары қою оның қанына, жанына сол кездерден берік орнықты.

1937-1939 жылдары республикалық «Лениншіл жас» жастар газеті редакторының орынбасары, «Социалистік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары міндеттерін атқарған ол кейін (1939-1940 жылдары) Жамбыл облыстық газетінің жауапты редакторы, ал соғыс басталғанда дивизиялық газетінің редакторы болған.

Алайда, ұлттына деген жанапшырлығы қызыл империяның идеологиясына қарама-қайшы келген Жайық Бектұров 1942 жылы мамыр айында қамауға алынып, ІКСРО НКВД-сінің айрықша кеңесінің шешімімен РФСР Қылмысты істер кодексінің 58-бабымен сырттай он жылға кесіліп, Солтүстік Оралға жер аударылды. Жабылған жала тек

қана 1955 жылы ҚазССР Жоғарғы сотының Президиумының шешімімен күшін жойып, ал, 1989 жылы түбегейлі ақталды.

Жайық Көгенұлы елудіңші жылдары педагогикалық қызметте болды. 1958 жылдан бастап 1989 жылғы қыркүйекке дейін ол Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Қарағанды облысаралық бөлімінің жауапты хатшысы болды.

КСРО Жазушылар одағының, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Бүкілодақтық географиялық қоғамының мүшесі, партия мен еңбек ардагері Ж. К. Бектұровтың қоғамдық және әдеби өмірдегі еңбегі оған атақ-абройы әкеліп, жұртшылықтың құрметіне бөледі. Публицист Ж. К. Бектұров өзінің ақымды да бейнелі сөздерімен Орталық Қазақстанның көптеген фактілері мен тарихи оқиғаларын көпшіліктің жадында қалдырды. Ол республиканың әдеби ортасында кеншілер өлкесінің қалыптасуы мен дамуының, оның орталығы – Қарағандының шежіресін жазушы ретінде белгілі.

Ж. К. Бектұров өзінің шығармашылық және ұйымдастырушылық таланты арқылы облыс пен республиканың мәдени өміріне үлкен үлес қосты. Ол Қарағанды және Қарағанды облысының энциклопедиясын жасаушылардың бірі болды.

Оның көп жылғы әрі тынымсыз еңбегі көптеген үкімет наградаларымен марапатталған. 1977 жылы «Жол жоралғысы» деген кітабы шықты. Бұл жинаққа қаламгердің Ы. Алтынсарин, Ш. Уалиханов, Г. Потанин, қобызшы-жыршы Н. Ата-

беков жайлы тарихи-көркем очерктері енгізілген. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қажымай жинап, бастырудағы еңбегі өз алдына бір сала. Ж. Бектұров Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәттар Ерубәев, Әбділдә Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғабиден Мұстафин, Зейін Ақышев және өзге де қазақ ақын-жазушылары жайында көптеген сын мақалалар жазған. Жазушы басқа ұлттар әдебиетінің озық үлгілерін қазақ оқырмандарына танытуда көп жұмыс тындырды. Ж. Бектұровтың өрнекті тілімен қазақшаланған Г. Серебрякова, Петефи, Дефо, Гашек, Л. Пантелеевтің шығармаларын оқырмандар жылы қабылдаған. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде жазушы Азия, Африка елдері қаламгерлерінің бірнеше әңгімелерін аударып бастырған. Кейінгі жылдары, яғни 1991 жылы «Өткел» өлеңдер жинағы, ал, 1997 жылы «Қазақстан» баспасынан «Таңба» атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап еліміздің шежіресіне қара таңба болып басылған отызыншы-қыркыншы жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің алапат ащы шындығы жайында, сол нәубеттің құрбаны болған тұрғырлы тұлғалар, талай тағдырлар жайында баян ететін туынды. Мұның жарық көруінің арасы 40 жылдай уақытқа созылған екен...

Сол қырғынның өзі де куәсі болған, кезінде жазықсыз жала кесірінен жапа шегіп, жалынды

жастық жылдарын айдауда, азап лагерлерінде өткізген ардагер жазушының аталмыш романы авторы іспеттес қилы қияметтерді бастан кешіріп барып, кейінде ғана оқырмандарға жол тапқан. Жалпы бұл шығарма азап лагеріндегі өмірді қазақ әдебиетінде бейнелеген тұңғыш еңбек. Сол жылы медицина ғылымының докторы, профессор М. Әлиақпаровтың «Жайық мінген қайық» кітабы Қарағанды қаласының «Қазақстан» баспасынан шыққан. М. Әлиақпаровтың бұл кітабы Ж. Бектұровтың тар жол, тайпақ кешулерге толы өмір өткелдеріне арналған. Автор мен кітап кейіпкері арасындағы сырлы сұхбатта зұлмат жылдардың зобаланы, қазақ халқының басына қолдан жасалған нәубет зардабы бүкпесіз баяндалады. Сонымен қатар кітапқа жасы сол кезде сексен беске келсе де қаламы қолынан түспеген Ж. Бектұровтың сталиндік зұлматты ашық ешкерелетін бірқатар поэмалары мен өлеңдері енгізілген.

1998 жылы 26 наурызда сексен алты жасқа қараған шағында журналист, жазушы, Қарағанды қаласының құрметті азаматы Ж. К. Бектұров өмірден өтті.

Аманкелді АҚШАЛ.

Сарыарқаның кіндігі Жанаарқа өңірі өнердің туын тіккен киелі орда. Тым өріге бармай-ақ ән-күй өнерінің шарықтаған, самғаған, өркендеген кезінен еске алсақ, көз алдымызға Сайдалы Сары Тоқа бабамыздың дәуірі келеді. Сайдалы-Тұңғатар рулары «қойлары қоралас, қозылары аралас» қатар жүрген Ақтау, Ортау, Қызылтаулардан бастау алған көш керуені Иманак, Ескенеге аялдап «Жайылмаға» қонсы қонып жайлап жатқан шуақты күндер жылымығы әлі де үзілмей өнер әлемінде Тоқадан тараған өнер керуені «Сұңқар Сөкен», «Майда Қасым», одан өрбіген Пазыл Тұтқабековтер, Мейрам Ұлмағанбетовтар бастаған сара жол сабақтастығы үзілмей біздің дәуірге де жетті. Үзілмей келе жатқан осы бір дәстүрлі өнердегі сабақтастықты бүгінгі күнде жалғастырып отырған Ғалым Мұхамедин Жанаарқа ауданына қарасты «Ескене» ауылының тұмасы. Жастардың республикалық «Жігер» фестивалінің лауреаты, республикалық Әміре Қашаубаев атындағы байқаудың жүлдегері, ҚР еңбек сіңірген әртісі, Жезқазған қаласының және Жанаарқа ауданының құрметті азаматы. Алматыдағы республикалық эстрада өнері студиясын қазақ әнінің «Сұржекейі» атанған Жүсіпбек Елебековтың сыныбын дүлдүл әнші Қайрат Байбосыновпен үзегілес болып аяқтап, халық композиторлары Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Естай, Иманжүсіп, Жарылғапберді, Мұхит, Шашубай, Тайжан, Нартай, Болман, Кенен, Құлтума т.б. осы күндері авторы белгілі де белгісіз әндерді зерттеуші әрі сол әндердің өміршең болуын наихаттап жүрген өнерде үлесі бар әнші. Үлесі бар деуіміздің себебі Ғалекен тек әнші ғана емес, халық әндерін тірнектеп жинап жүрген зерттеуші әрі шөкірт дайындап жүрген ұлағаты ұстаз. Мәселен, әншінің репертуарындағы Сәкеннің «Бабаларыма», «Өүілде», «Көкшетау», «Естайдың соңғы әні», «Ертеуедің әні», «Қос апаның әні», «Ақ шашақ», «Алтын кесе», «Бері келші-ай», «Бір торы ағ, бір қара ағ», «Жалғыз жусан», «Көк айдай», «Құла жекей», «Мәшине-шам», «Сұңқарым-ай», «Үгәй-ай» т. б. да бұл күндері ұмыт болып, архаизмге айналған ән-

дердің киелі сахна төріне қайта оралуы осы ізденістердің жемісі.

Халық әндерін ел арасынан тір-

болған туған ағасы Қарақойшы (Сембі) Мұхамединнің даусының бір ерекшелігі сырбаз әнші Мәдениет Ешкееевті көз алдыңызға әкелсе ал, Ғалым туралы өмірдегі де, һәм өнердегі досы Қайрат Байбосынов «Ғалымның әншілігі бойына туған жердің табиғаты мен нәрі сіңген, кешегі Игілік ағамыздың салған ізімен ешкімге еліктеп солықтамайтын өзгеше ұқсамайтын өзіндік өнегі бар, қуатты баритон дауыс» деп баға берген екен. Сонау өткен ғасырдың тоқсанын-

жүрген әншілер некен саяқ. Қанша уақыт өтсе де өзінің құндылығын, өзектілігін жоймайтын мәселе – ол жас ұрпақ тәрбиесі. Дүниедегі ең сауатты іс ұстаз болып елге дәріс беру екен. Халқымызда «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» немесе «Ұстазсыз – шөкірт түл» деген қанатты сөз бар. Өйткені ұстаздың басты байлығы – артында қалған өнертанудағы ізденіс, зертеулерімен ғана емес, тәлімге бай шөкіріттерімен де өлшенеді. Ұстаз

қатар, дербес еліміздің әр аймағында өнер саласында еңбек етуі де ұстаз еңбегінің бір жемісі, ұстаз мерейі емес пе?!

Әншілік ғұмырын жетпісінші жылдары Жезқазған қаласында «Жезкіні» ансамблі құрамында Жақсыкелді Сейілов, Болат Есмұханов, Мара Есмұхановалармен қатар топқа енді ғана қосылған жас таланттар Ғалым Мұхамедин және Ғалекеннің болшақ жары, концерт жүргізушісі, көркемсөз ше-



## Өнермен өткен ән ғұмыр



Бір топ жанаарқалықтар (солдан оңға қарай) Айтбек Нығызбаев, Зәуре Жәркешова, Серік Оспанов, Қайрат Байбосынов, Дәурен Ескекбаев, Қорабай Есенов, Ғалым Мұхамедин, елордада концерттен кейін.

нектей жинап «тірілтіп», «күпі киген қазақтың өз өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарып» жүрген Ғалекен әсіресе, Тайжан Қаламағанбетұлының шығармаларын зерттеп іздеп тауып, жарыққа шығарып (2013 ж. Тайжанның «Алтын кесе» әндер жинағы мен «Алтын кесе» үн таспасын шығарған), өмірге қайта әкелуінің өзі әншінің тек қана орындаушы ғана емес, қазақ өнерінің жоқтаушысы екендігін де байқатады. Әу баста Ғалымға жол нұсқап ұстаз

шы жылдарының бас кезінде «ән түгілі бас қайғы» болып жатқан тұста қазақтың дәстүрлі өнерінің жоғалып кетуін ойлаған ізденімпаз әнші Жезқазған музыкалық колледжінде «Домбырамен ән салу» мамандығы бойынша ұстаздық қызметін бастаған еді. Қазақ даласында «төбелер көп, бірақ асқар таулар» аз демекші қазіргі күндері небір әнші көп, бірақ таза табиғи дауыспен ән салып, әншілігін ұстаздық қызметімен жалғастырып

болу кәстерлі мамандық, бастаған ісінің, өміршең өнер жолының жарты жолда үзіліп қалмай, келешек ұрпаққа жеткізер шөкірттерінің болғандығының өзі де бір бақыт қой. Осы тұрғыдан алғанда Ғалекен арманы орындалған, бақытты ұстаз. Отыз жылға жуық ұстаздық қызметінде Ғалекеннің дәстүрлі ән сыныбын аяқтап шыққан жетпіске жуық шөкірттері халықаралық және республикалық өнер байқауларының лауреаттары болуымен

бері «Ақтоғайдың аруы» Әлия Айтжанова, Береке Көшенов, Ахат Байбосынов пен Роза Байбосынова т. б. болып өнер жолын бастаған еді. Осы ансамбль құрамында бола жүріп Жақсыкелді Сейіловпен, өмірлік қосағы Әлиямен бірге «Ән көңілдің ажары» тобын құрып, Жезқазған облысының шет, шалғай ауылдарындағы өнерге сусап отырған ауылдастарының рухын көтеріп, аралай жүріп концерт қойғандары, Арқаның аптап ыстығы мен қарлы боран, қақаған аязына қарамай жол жүру азабына шыдау бұл айтуға ғана оңай. Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстан, Балтық елдері, Мәскеу, Ленинград қалалары мен Германия, Грузия елдерінде болып, өнерсүйер қауымның құрметіне бөлене отырып, қазақтың халық әндерін барынша насихаттады.

Өнер әлемінде қажымай, талмай үздіксіз еңбек етіп келе жатқан Ғалекен де үстіміздегі жылы қазына жас жетпіске жетіп отыр. Өнерге бүкіл саналы ғұмырын арнаған жерлес, замандас досымызға ән ғұмырын ұзағынан болсын дегіміз келеді. «Бақыт деген досының – қабағында, жарының – жанарында» дегендей жарты ғасырға жуық жұптасып ғұмыр кешкен өнер иелеріне айтар тілегіміз «Көңілдерің қартаймасын, шаңырақтан құт-береке еш уақытта ортаймасын! Өмірлерің мәнді, шаңырақтарың сәнді болып, дастарқандарыңнан дәм-түз үзілмей барыңыз берекеге, берекеніз мерекеге ұлассың!» – дегіміз келеді.

Дәурен ЕСКЕКБАЕВ,  
тарихшы, этнограф.

MEMЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – 30



# КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ...

*Мемлекеттің тәуелсіздігін айғақтайтын алғашқы нышан – Ту. Осынау ұлан-ғайыр атырапты мекен етіп келе жатқан мыңжылдықтардың мұрагері қазақ тарихындағы тулардың түсі мен таңбасы, тарихы жайлы не білеміз?*

Ұлы дала халықтарында «сүлде» (сүлдә) – рух жебеушісі саналған. Ол – Еке Моғұл Ұлысы, яғни Ұлы Моғұл мемлекетінің теңдессіз қағаны, қазақ хандарының түп атасы Шыңғыс ханның жебесі, туы, ғибадат ететін киелі байрағы болды. Моңғолша «сүлде» (рух деген мағына береді) және «туг» сөздері синоним. Біздіңше, Ту. Сұлудин, тоғыз баулы ту, шашақты найза, рух культі.

Жалпы, Ту, байрақ, жалаудың ара-жігін ажырата білген жөн. Тарихшы Жамбыл Артықбаев «Төрелер шежіресі» кітабында «Ту дегеніңіз, көбінесе үлкен матадан жасалып не найзаның басына, не арнайы бақанға байланған рәміз. Тудың желегіне не араб жазуымен жазылған Құран сөздері болады, бірақ сурет салына қоймайды. Оның есесіне жауынгерлік байрақтар әртүрлі болады. Байрақтарда қасиетті аңдар мен құстардың алтыннан жасалған мүсіндері, жылқының құйрығы сияқты заттар т. б. кездеседі. Мемлекеттің туы есебінде сол кезеңде жоғары билікке не болып, тақта отырған әулеттің туы қызмет жасайды» дейді. Ал жалау дегеніміз найзаға немесе дулығаға тағылатын жаугершілік белгі болған. Ол әскердің, қосынның айырым-белгісі болса керек. «Жалаулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып» (Ақтамберді) деген жырарулар поэзиясы осы сөзді айқын танбалайды. Ал, тарихшы ғалым Арман Қият болса «Шыңғыс хан заманына қатысты «Кер айғырдың кекілінен, кесіп алған байрағын» деген өлең жолы тудың жылқының қылынан тоқылатынын білдіреді. Кей-

де ескі жазуларда оны «Тук» деп атауы, яғни түкпен жасалатынын меңзесе, «Жалау» жылқының жалын айтып тұрғандай» деп жазады. А.Қияттың осы деректер келтірілген «Қазақ сұлтандары» деген толымды еңбегінде төре тұқымдарының геральдикасына қатысты тегіс бір тарау арналған. Онда «XIX ғасырдың аяғында Құрбанғали Халид қазақ сұлтандарының тулары жайлы мәлімет береді. Оның дерегі бойынша, төрелердің арғы атасы Орыс хан қызыл ту ұстаған. Орыс ханның қызыл туы өз Жәнібектің Жәдік деген ұлынан туған немересі Шығай ханның қолына өтіп, сосын ұлы Есім ханның қолынан әрі Жәңгір хан, өз Тәуке хан, Полат хан, Әбілмәмбет хан, Әбілпейіздерге өтеді. Ал Шығайдың үлкен ұлы Ұзын Оқты Ондан сұлтан қызыл ту астынан шығып, ақ ту көтеріп, оның ұрпақтары «ақ тулы төрелер» атанды. Әз Тәукенің ұлы Полат хан Уәлидің ұлы Абылайға көк ту беріп бөлек шығарған. Абылайдың немере бауырлары Сұлтанбет пен Жолбарыс сұлтандар да оған ілесіп «көк тулы төрелер» аталған. Автор кейбіреулерден олардың туы көк емес жасыл болғандығын естігенімен көк туға жығылған. Ұлы жүзде Кенесары ханды жақтап, артынша қырғызбен соғысар шайқаста бөлініп кеткен Рүстем сұлтан «шұбар тулы» болыпты» деп бірнеше тарихшыларға сілтеме жасай отырып нақты жазады.

Ғалым А. Янушкевич: «Енді білдім, Құсбектің балгері бар екен. Ол Құсбектің келешегін жорып отырады екен. Құсбектің туы – ақ, Барактың туы

– қызыл. Кенесарының туы – жасыл. Кешке қарай жел басылды» деп қазақ төрелерінің туларына қатысты өзі білген мәліметтерді беріп кетіпті. Әлихантанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы болса түрлі ақпарат құралдарында Алаш автономиясының мемлекеттік байрағы ретінде шынайы тұрақталмаған, дәлелденбеген бірнеше тудың суреттері жарияланып жүргендігін айтады. Ол бір деректерде жасыл делінсе, бір деректерде қызыл. Қайткен күнде де Алаш туында азаттықтың айбарлы көрінісі болғаны анық.

Қазіргі Туымыздың түсі көк. Отыз жыл бойы азаттықтың ақ таңымен қоса желбіреп, егемен еңсемізді осы Туға қарап тіктеп келеміз. Көк түс – көп мағыналы бояу. Оның да түпкі мәні ежелгі түркітөкес халықтардың «көк» сөзін қатты қадір тұтқанын аңғартып тұр. Онда бейнеленген алтын Күн де бағзы бабалардан қалған ырым-нышан. Күнге табыну көк Тәңірден жеткен белгі саналады. Оны кереге қанатымен көтеріп ұшқан қыран бүркіт – яғни бөрі құт та біздің көк бөріден тараған текті ұрпақ екенімізді айғақтай түседі. Арқар мүйіз ою-өрнек өз алдына үлкен мағына үстейді. Қошқар мүйіз, арқар мүйіз ол нақыш та қазақ хандарының арқар ұранды болғанын аңғартып тұрғандай. Туда тұтастық идеясы бар. Бір тудың астына жиналу бірлікті, тұтастықты, тұрақтылықты қалыптастырады.

Әманда туымыздың тұғырын биік болып, мәңгілік желбіреп тұрсын.

MT

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ



## AMANAT ПАРТИЯСЫ

*референдумды қолдайтынын мәлімдеді*

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңымызға өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін жалпыхалықтық референдум өткізуді ұсынған болатын. Содан бері еліміздің жер-жерлерінде осы саяси реформаға қатысты өз ойларын білдіретін жиындар жиі өткізіліп жатыр. Сондай бір алқалы жиыны жуырда «AMANAT» партиясы да өткізді.*

Референдумды қолдау мақсатындағы партияның республикалық штабының алғашқы жиыны бейнеконференция байланысы арқылы өтті. Онда партия төрағасы Ерлан Қошанов Президенттің жалпыұлттық референдум өткізу бастамасын қолдау жөніндегі «AMANAT» партиясының мәлімдемесін жариялады.

«Президент Қазақстан халқына жариялаған биылғы Жолдауында ауқымды саяси реформалар ұсынды. Бұл реформалардың мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, суперпрезиденттік басқару формасынан Парламент пен мәслихаттардың рөлі күшейген саяси жүйеге көшу, демократиялық процестер қарқынын үдету, елдегі бірлік пен ынтымақты арттыру» делінген мәлімдемеде.

Партия Төрағасы ауқымды реформалар сайлау, партиялық және сот-құқықтық жүйесін, аумақтық-территориялық құрылымы мен мемлекеттік биліктің бөліну принципін түбегейлі өзгертетінін де атап өтті.

«Бұл – Екінші Республиканың саяси іргетасы. Президенттің осы тарихи шешімдері – жаңа әрі-әділетті Қазақстан құру жолында жасалған ірі қадам. Мұның барлығы саяси баскөздікті күшейтуге жол ашып, Қазақстан азаматтарына жаңа әрі тең мүмкіндіктер береді. Мемлекет басшысы ұсынған кешенді реформаларды жүзеге асыру үшін Конституцияға 33 өзгеріс пен толықтыру енгізу қажет. Аталған өзгерістерді құқықтық тұрғыда бекіту үшін Президент республикалық референдум өткізуді ұсынды. Конституцияны жалпыхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту – «мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық» деген принциптің іс жүзінде орындалуының айғағы. «AMANAT» партиясы Конституциялық реформаның маңыздылығын терең түсіне отырып, алдағы референдумды өткізуді толық қолдайды!», – деді Ерлан Қошанов.

Спикердің айтуынша, бүкілхалықтық референдум мемлекеттің нақты өзгерістерге бет бұрғанын көрсетіп отыр, сондықтан партия барлық күш-жігерін конституциялық реформаны қоғамдық қолдауды ұйымдастыруға бағыттауға дайын.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен іс-шараларды ұйымдастыру үшін партия республикалық және 17 өңірлік штаб құрды. Олардың құрамына орталықтағы және өңірлердегі «AMANAT» активтері кірді. Бұл жұмысқа Парламент пен мәслихаттардағы фракция депутаттары, зиялы қауым өкілдері, мәдениет пен спорт қайраткерлері, жастар қанаты мен өңірлердегі филиалдар атсалысады. Партия мүшелері өңірлерде және шалғай елді мекендерде сайлаушылармен кездеседі. «Мемлекет басшысы ұсынған реформа – Қазақстанның стратегиялық болашағын айқындайтын бастама. Біз ашық, өркендеген, заң үстемдік ететін, теңдік орнаған қоғам құруды көздеп отырмыз. Президент пен халықтың мақсаты ортақ, көздегені бір. Сол себепті референдумға қатысу – барлығымызға ортақ борыш! Ел тағдырын айқындайтын осынау маңызды кезеңде ешкім шет қалмауға және тарихи таңдау жасауға тиіс. Егемен еліміздің ертені – халықтың қолында!», – деді Ерлан Қошанов.

Жиын барысында штабтардың жұмысын жоғары деңгейде ұйымдастыруға қатысты бірқатар нақты тапсырма берілді.

MT

«АЛЖИР» – 85

# АҚМОЛАДАҒЫ

## «АЗАП АРАЛЫ»

*XX ғасырдың 30-40 жылдары КСРО басшылығы Қазақстанды лагерлер еліне айналдыруға әрекет жасады. Сөйтіп ел аумағында Карлаг, Степлаг, Жезлаг лагерьлері бірінен соң бірі ашылды. Солардың бірі – халық арасында «АЛЖИР» деп аталып кеткен Әйелдер лагері еді. Тарқатып айтқанда – «Халық жаулары Әйелдерінің Ақмола лагері» деген сөздердің орысшасының алғашқы әріптерінен алынған атау...*



Кеңестік кезеңдегі «Архипелаг ГУЛАГ» қанды құрауына қарасты Әйелдерге арналған 3 ірі азап «аралының» біреуі осы – «АЛЖИР». Ол жиырма алтыншы лагерь болғандықтан, бір кездері «26-нүкте» деп те аталыпты. Қалай аталса да, он бес жыл бойы қасіреттің қанын жұтқызып, талай тағдырдың талқанын шығарған, тарихтың «ақтандық» бетіне айналған жер. Бұл жерге саяси айыптаулармен сотталған Әйелдер Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әкелінді. Бұлардың дені елдің белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің Әйелдері, аналары, қыздары болатын.

Қарағанды еңбекпен түзеу лагері Қазақстандағы ең ірі лагерь болды. Ол 1930 жылы құрылды. Сол лагерьдің базасында Отан сатқындарының Ақмола лагері (АЛЖИР) 1937 жылғы желтоқсанда құрылды. 1936 жылы барактардың құрылысы сондай-ақ осы жерде балалар колониясы құрыла бастады. Ал 1937 жылы тамыз айында жасөспірімдер басқа

жерлерге көшірілді. ОСОМ (отанын сатқандардың отбасы мүшелері) тұтқындарын қабылдауға дайындық басталды. Ресми түрде ол Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің Ақмола арнайы бөлімі болып аталды. Бірақ іс жүзінде ол дербес шаруашылық бірлігі болатын.

«26-нүкте» базасында «еңбекпен түзеу лагері» ретінде ұйымдастырылған «АЛЖИР» (бұрынғы атауы – «Р-17» лагері) 1938 жылы 10 қаңтарда алғашқы тұтқындарды қабылдайды. Кейбір деректерге қарағанда, 1938 жылы «АЛЖИР» лагерінде «Отанына опасыздық жасағандар» отбасының 4500 мүшесі отырған, тағы 1500-ге жуығы «Жарлақты» қалған лагерьлерінде ұсталған. Өйткені, «Алжир» жарты жылда толған соң, «Карлаг» басшылығы «Отанына опасыздық жасағандар» отбасының мүшелері шоғырланған «Темлағ», «Сиблаг» және «Карлаг» бөлімшелерін «қатаң режимнен» жалпылагерлік тәртіпке көшіру туралы бұйрық шығарады. Сөйтіп, Әйелдердің хат-хабар, сәлем-сауқат алысуына,

ол бірнеше қабат тікен сыммен қоршалып, күзет мұнарасы қойылған. Аумағындағы көлді қоршаған қалың қамысты сотталғандар қыста барактарды жылытуға пайдаланған, ал жазда құрылыс материалдары ретінде дайындаған. Лагерьдегі тұрмыс адам төзгісіз болыпты. Хат жазысуға, сәлем-сауқат алуға, мамандығы бойынша жұмыс істеуге тыйым салынған. Әншілер, ақындар, мұғалімдер, гуманитарлық саланың басқа да мамандары ауыл шаруашылығымен айналысты, құрылыста ауыр жұмыстар атқарды. Ауру-сырқаулар, кәрі-құрғандар, балалар киім тоқу және тігумен шұғылданған.

1939 жылы мамырда «ГУЛАГ» басшылығы «Отанына опасыздық жасағандар» отбасының мүшелері шоғырланған «Темлағ», «Сиблаг» және «Карлаг» бөлімшелерін «қатаң режимнен» жалпылагерлік тәртіпке көшіру туралы бұйрық шығарады. Сөйтіп, Әйелдердің хат-хабар, сәлем-сауқат алысуына,

MT



**«Түркі әлемінің рухани мұралары» дегенде ойымызға Түркі дүниесіне ортақ құндылықтар орала кетеді. Олар – көшпенділік, тіл, дін, тарих. Осылардың ортақ жиынтығы, ортақ алтын дінгезі бар, ол – Қазақстан. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында да «Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түпкіріне тараған түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты», – деп жазады. Бүгін біз Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры Раушан ҚАПАРОВАМЕН осы тақырыпта ой орбітуді жөн көрдік.**

– Раушан Оңқонысқызы, әңгілемізді елдің темірқазығына айналуда тиісті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасынан бастасақ. Қалай ойлайсыз, бұл бағдарлама түркі әлемінің рухани мұраларын біріктіруге әсері бар ма?

– Әрине, Рухани жаңғыру бағдарламасы тек қазақ үшін ғана емес, күллі түркі жұрты үшін аса маңызды. Онда көтерілген тақырыптардың барлығы өзекті. Бұл жердегі ең басты мәселе ол – ұлттық код. Сананың сілкінуі, жадның жаңғыруы сяқты мәселелер кімді де болса ойландырады анық.

Біз әр түрлі кезеңде, әр түрлі килы замандарды бастан өткерген жұртпыз. Еуразия кеңістігін XV ғасырға дейін жалпы түркі дәуірі деп айтқан, жылқының жалында, тарпанның тұяғы жеткен жердің барлығы иеленген бабадүр бабаларымыз, Еуразия кеңістігіндегі карталардың қалыптасуына ықпал еткен. Сондағы мемлекеттердің құрылуына, қалыптасуына, тіпті, қирауына да әсер еткен. Бірақ кейінгі ғасырларда сол біздің тарихымыз да, тағдырымыз да біздің араласуымызсыз жасалды. Соның салдарынан біз көптеген тұлғаларымыздан, асыл қасиеттерімізден айырылдык. Көптеген тарихи оқиғаларды жадымыздан шығарып алдық. «Түркі әлемі» деп аталатын үлкен кеңістікті біріктіретін ұлттық кодтарымыздан көз жазып қалдық.

Сондықтан да ортақ тарихымызды, ортақ тұлғаларымызды, ортақ құндылықтарымызды, ортақ оқиғаларды қалпына келтіру үшін рухани жаңғыру аса маңызды.

Мысалы ұлт та адам секілді. Бір кезде бұл туралы ибн Халдун да айтқан, біздің балалық шағымыз болады, ержетуіміз, атжалын тартып мініп, есейген кезіміз болатыны секілді, кез келген мәдениет пен өркениеттің шығыстан туып, уақыт өте келе күнбатысқа бетбұратын кезеңдері болады. Бірақ ол қайта айналып, қайтадан пассонарлық дәуірге оралуы үшін осы кодтар, әсіресе рухани кодтар берік, ұлттық жады мықты болу керек. Бұдан бұрынғы бабаларымыз «жадытас» деп атаған. Сол жадытас-тарға, мәңгітас-тарға мың жыл өтсе де ұрпағымыз осы бағыттан жаңылмасын деп қашап жаздырған ұлттық кодтар, рухани қазыналарды қайта жаңғыртуымыз керек. Сондықтан рухани жаңғыру бүгінгімізді бағамдау үшін де, болашағымызға бағдар үшін де маңызды.

– Бұл үшін не істемек керек?

**Яғни, рухани мұраларымызды ұрпақ санасында мәңгі қалдыру үшін қандай шаралар жасағанымыз дұрыс?**

– Бұл үшін әлгінде өзіңіз айтып кеткен «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалада айтылған бағыттарды жүзеге асыруға күш салуымыз керек. Мәселен, «Түркі өркениеті: түп тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажет. Оның бастамасы бар. Еліміздің әр аймағында Түркологтардың дүниесіздік конгресін және әртүрлі елдер музейлерінің экспозицияларына ежелгі түркі жөдігерлері қойылатын Түркі халықтарының мәдени күндері ұйымдастырылып жүр.

Сондай-ақ, Википедияның үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу да маңызды. Нұрсұлтан Назарбаев өзінің мақаласында «... жаңа облыс орталығы ретінде Түркістанды дамыту барысында оның халықаралық аренадағы беделін жүйелі түрде арттыру қажет. Қазақстанның ежелгі астанасы халқымыздың рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ, бүкіл түркі әлемі үшін киелі орын болып саналады» деген еді. Бұл жұмыс та жүзеге асырылды. Бүгінде Түркістан – рухани орталық ретінде саналып, оған әлемнің әр елінен туристер, ғалымдар, тарихшылар келіп жатыр.

Екінші бір мәселе. Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасыр-

**Раушан ҚАПАРОВА, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің директоры**

# «ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫ

## ҰЛЫ ДАЛАДАН БАСТАУ АЛАДЫ»



рлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды.

Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірін-бірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды. Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты.

Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі – Әбу Насыр әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Яссауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан. Мұны да күллі ел біліп, танып, мойындап отыр. Жалпы, Түркі әлемінің рухани мұралары осы Ұлы даладан бастау алып жатыр...

**– Хоош делік. Ал енді осы ортақ мұралардың ішінен қазақтың рухани мұрасын тағы бір түгендеп, бастауымызды анықтауға мүмкіндік бар ма? Осы ретте біздің түркі тектес елдерден өз руханиятымызды түгендеу үшін алатын қандай мұрамыз бар?**

– Түркі әлемінің тамыры бір болғандықтан, ортақ құндылықтарымыз, асыл қасиеттеріміз де ұқсас болуы заңды. Сондықтан, жалпы бір-бірімізден алатын, үйренетін дүниесіз көп. «Алмасан, көрмесен – сарт боларсың, бармасан, көрмесен – жат боларсың» дейді халқымыз. Алыс-берісіміз, ауыс-түйсіміз жиі болып тұрса, біріміздің ұмытқанымызды біріміз толықтырып отыратынымыз анық. Мысалға қазақтан алары көп ағайындар бар, біздің де кейбір бауырластарымыздан толықтырар тұстарымыз жоқ емес.

Мысалы тарихымызға қатысты нақты тоқталар болсақ, біз тарихымызды түгендегенде көбінесе жыр-дастандарымызға сүйенуіміз мүмкін. Немесе аңыз-әпсаналарға, көбінесе халық арасындағы деректерге сүйенеміз. Ал енді бір көз жүгіртер болсақ, «Манас» дастанында қазақтың тарихы тұнып тұр. Онда қазақ пен қырғыздың қалай бірге жүргені, қалай бірге соғысқаны, Көкше батыр мен Манастың қалай бірге тізе қосып жорыққа аттанғаны, қазақ пен қырғыздың Алаш ұраны астында бірге қалай ел болғаны, барлығы да сол жырда айтылған. Бірақ біз «Манас» жырдың тарих бойынша дереккөзі ретінде пайдаланбаймыз.

Тағы бір мысал келтіретін болсам, Әзербайжанда «Қазақ» деген аудан бар. Бұдан жүздеген жылдар бұрын негізі қаланған Дешті қыпшақ кезеңінен қалған аудан. Атауы да бізбен түбірлес екені белгілі. Ал сол жердің көдімгі құрты біздің елдің құрты секілді, қоржыны да біздің қоржынға ұқсас, онда да ақындар айтысы өтеді. Адамдары да Әзербайжанның басқа өңірлеріндегі адамдарға ұқсамайды.

Мысалы қазіргі «Ертұғырыл» фильмін қарап отырып біздің есімізге көптеген тарихи оқиғалар түседі. Сонау Дешті-қыпшақ даласы, Оғыздар дәуірі жаңғырады. Ал осы фильмге арқау болған «Дәде Қорқыт» жырында кейіпкер Бамсы батыр, бізде Алпамыс батыр бір жерде Қазығұртта жүрсе, бір жерде Әзірбайжан жерінде, бір жерде тағы басқа өлкеде шайқасып жүргені суреттеледі.

Тағы бір мысал, өткен жылы Моңғолиядан ғалымдар келді. Барлығымыз білетіндей былтыр Алтын орданың 750 жылдығын атап өттік. Әлемдегі пандемия осынау рухани мерекені халықаралық жағдайда атап өтуге мүмкіндік бермеді. Бірақ, шама-шарқымызша оны зерделедік. Ал Алтын орда тарихын моңғол ғалымдарының араласуысыз түгендеу қиын. Себебі Алтын орда тарихының бір бастауы сол Моңғол жеріндегі Бұрқын Қалдунда, Өтүкен мен Керуленде жатыр. Оны біздің көк түріктер мен Алтын Орда тарихын түгендеуіміз қиын. Сол

сияқты моңғолдар да түркі халықтарымен араласпай өз тарихтарын түгендей алмайды. Рашид-ад-диннің кітабынан бастап, көп мұралар қазір түркі елдерінде сақталған. Сондықтан көп жағдайда біз өз тарихымызда бауырлас халықтармен бірлесе отырып түгендей аламыз. Демек, біз осы түркі әлеміне ортақ тарихымызды түгендеуде, сол түркі халықтарымен тереземіз тең отырып қана жұмыс жасауымыз керек.

арттыру. Қазіргі таңда осы бағытта музейде үйірме сабағына оқушыларды тарту, өңіріміздің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан азаматтармен кездесулер ұйымдастыру, археологтар мен көлөнер шеберлерін тарта отырып, шеберлік сыныптарын өткізу, Ұлытау-Жезқазған өңірінің тарихи-археологиялық ескерткіштеріне экскурсия ұйымдастыру, оқушылармен дебат, дөңгелек үстел, сахналық қойылым әдістерін пайда-


– Бұл жағдайда қазір бауырлас халықтармен бірлесіп атқарылып жатқан жұмыс бар ма?

– Түркі академиясы осы бағытта бірізгі істі аяқтады. Ол – түркі әлемінің ортақ тарихы. Қазір біз сондай ортақ ұстанымға жол ашып, мәмілеге келіп, ортақ тарихымызды жасадық. Оның сыртында археологиялық қазба жұмыстарын да ортақ жүргізіп жатырмыз. Ортақ экспедициялар жасап, рухани жаңғыруымыз үшін рухани құндылықтарымызды түгендеуде бірлесіп жұмыс істеп келеміз. Себебі бізге дейінгі мұралардың көбі түркі әлемі тарихына ортақ.

**– Ал енді әңгіме арнасын өзімізге бұрайық. Жезқазған тарихи-археологиялық музейі түркі әлемінің рухани мұраларын түгендеуде қандай шаралар жүзеге асырып жатыр?**

лана отырып, музей қабырғасында тарихи-танымдық сабақтарын өткізу.

Сондай-ақ, 2018 жылдан бастап музейлер фестивалін өткізу қолға алынды. Фестиваль аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын дамытудағы музейлердің атқаратын ролі» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, нәтижесінде ғылыми жинақ шықты және «Көкжиегі кемел музейлер» атты музейлер фестивалінің салтанатты ашылуы, музей алаңында «Жезқазған – шеберлер мекені» атты көлөнер шеберлер көрмесі, музей қорын құнды әрі сирек кездесетін жәдігерлермен толықтыру мақсатында «Тарихта өз атыңды қалдыр» атты акциясы өткізілді. Акция нәтижесінде музей қорына 200-ге тарта жәдігер өткізілді. Атап айтсақ, көрнекті қайраткер, әнші, сазгер, айтыскер Тайжанның



– Халқымыздың сан ғасырлық тарихына зер салсақ, ата-бабаларымыздың қаншама баға жетпес құнды мұраларының, ұлттық жауһарларының куәсі боламыз. Алаш ардақтысы А. Байтұрсынұлы «Отан – өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі өзімізді қадірлей білу» деген екен. Шынымен де бүгінгі күні елімізді төрткүл дүние танығанда ұлттық құндылықтарымызды толық қалпында түгендейтін кез келді. Тұңғыш Президент Н. Назарбаевтың қоғамның рухани-мәдени жаңғыруын көздейтін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы ұлттық санамызға сілкініс әкелді. Ол өз мақаласында «Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» – деп баса айтып өтті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын дамыту мақсатында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің қызметкерлері де өзіндік үлестерін қосып, көптеген жаңа жобаларды қолға алды. «Асыл ұрпақ» жобасы аясында «Жас өлкетанушы», «Жас экскурсия жүргізуші» жобасын іске асыруда. «Жас өлкетанушы» жобасының басты мақсаты – аймағымыздың бай тарихи мұрасын насихаттай отырып, өңіріміздегі материалды және рухани мәдениеттің жеткен жетістіктерін ашып көрсету. Ұрпақтың бойына Отандық патриотизм рухында тәрбие бере отырып, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін

ақынның сырнайы, Бұзау болыстың бөрігі, жазушы, өлкетанушы Қ. Ахметовтің, белгілі суретші Жәнділді Майлиннің жеке комплекстері, қоғам қайраткері Ә. Байменовтың әкесі Мұханбадияның Фирдоусидің XIX ғасырдағы Шахнамасы, Степлаг тұтқындарының хаттары, Қ. Сәтбаевтың барлау жұмыстары кезінде тапқан «Гранат» минералы музей қорына өткізілді. Сол сияқты, шағатай парсы тілдеріндегі жоне қолжазбалар, діни кітаптар да жинақталып, соларды жаңғырту жұмыстары қолға алынып жатыр.

**– Раушан Оңқонысқызы, әлгі музейлер фестивалі туралы тарқата айтып берсеңіз...**

– Жезқазған тарихи-археологиялық музейі 2018-2019 жылдар аралығында 2 жыл қатарынан музейлер фестивалін өткізді. 2018 жылы Республикалық болса, фестивалдің ауқымы кеңейіп 2019 жылы халықаралық деңгейде өткізді. Фестиваль 11-13 маусым аралығында «Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақалаларын жүзеге асыру аясында өтті. «Ұлы Дала мұрасы» атты халықаралық музейлер фестивалін өткізудегі басты мақсат – тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, қазақ халқының тарихын зерттеу, Ұлы Даланың өзіндік мәдениеті мен бірегей өркениетін бойына сіңірген ата-бабаларымыздың өмірі туралы деректі және турмыстық естеліктерді қайта жаңғырту. Шетел архивтерінде, музейлерінде сақталған қазақ тарихына қатысты қолжазбалар

мен деректерді, жәдігерлерді жинақтау, шетелдік музейлер мен архивтер арасындағы байланысты нығайту болып табылады.

Фестивальге 5 шетел мемлекетінен 9 шетелдік және 20 республикалық музейлер мен архивтерден 42 қызметкер, 11 отандық ғалымдар мен тарихшылар қатысты. Олар: Түркияның Анкара қаласынан, Ресейдің Астрахань облысынан, Қытай Халық Республикасының Бейжін қаласынан, Моңғол Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағынан, Өзбекстан Республикасынан келді. Шетелден келген мамандар музей қорына тарихи маңыздылығы бар құнды жәдігерлерді табыстады. Қытайдың Мемлекеттік архивінің қызметкерлері 18 ғасырдағы Ұлы Жібек жолының Қазақстанға сауда-саттықпен айналысу үшін жібек матасын экспортқа шығару туралы жарлығының көшірмесін, Ресейдің «ГУЛАГ» музейінің мамандары Степлаг, Карлаг лагерлеріне байланысты тың мәліметтер, фотосуреттер, бейнематериалдар, аэроғарыштан түсірілген Степлаг лагерінің фототүсірілімін, Моңғолияның Баян-Өлгей музейінен қазақтардың Моңғолияға алғаш қоныс аударғандығы жөніндегі қолжазбаның көшірмесін, Өзбекстан архивінің мамандары VIII-XIX ғ.ғ. түсірілген қазақ шаруаларының фотосуреттерінің көшірмесін музейге табыстады. Фестиваль аясында «Ұлы Дала мұрасы» – музейлер фестивалінің салтанатты ашылуы», «Тарих-

дейтін кез келді. Ең бастысы, болашақта біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз.

– *Рухани жаңғыру туралы әңгіме қозғалғанда Ұлы даланың жеті қырына соқпай кету әсте мүмкін емес. Ендіше, сұхбатымызды осы бағдарламалық мақаламен түйіндесек. Ұлы даланың жеті қыры біз сөз етіп отырған түркі әлемінің рухани мұраларын жинауға қаншалықты ықпал етіп отыр?*

– Иә, «Ұлы даланың жеті қыры» – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының заңды жалғасы. Оның осылай аталуының өзінде қаншама мән-мағына жатыр. Қазақ халқында «жеті» саны – киелі сан екені баршамамызға да мәлім. Ұлы Даланың әрбір баласы «кие», «қасиет» деген ұғымдарды бойына сіңіріп өсуі керек әрі ұлықтауы керек. Мақалада көтеріліп отырғанды да осы мәселелер. Мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт», «Тарихи сананы жаңғырту» атты бөлімдерден тұрады. Тұңғыш Президент бұл жолы ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Әсіресе, жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігі жазылған.

Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам



та өз атыңды қалдыр» – акциясы өтіп, нәтижесінде музей қоры 300 жәдігермен толықты. «Хас шеберлер шеруі» – колонер шеберлері мен суретшілердің қатысуымен шеберлік сабақтары, «Ұлы Дала жауһарлары» экспозициясының ашылуы, музейлер фестивалінің қатысушыларымен баспасөз-конференция, «Көне дәуір куәгерлері» – құнды әрі сирек кездесетін жәдігерлер таныстырылымы, «Музей қызметінің жаһандық жаңаруы – заман талабы» атты музей мамандарына арналған семинар-тренинг өткізді. Семинарда Түркияның Анкара университетінің профессоры, доктор Айша Чакир Ильхан, және қазақстандық музейтанушылар музей педагогикасы бойынша дәрістер оқыды. Соңында музей мамандары сертификатқа және әдістемелік оқулыққа не болды. Сонымен қатар шетел қонақтарына, музей мамандарына «Ұлы Дала – түркі әлемінің бесігі» атты Ұлытау-Жезқазған өңірінің Сақралды жерлеріне экскурсия жүргізілді.

– *Бұл фестивальдер нақтылы бір іскерлік байланыстарға мұрындық бола ады ма?*

– Әрине. Фестивальдың аясында әріптестік қарым-қатынасты нығайту мақсатында Түркия мемлекетінің Анкара университетімен, Ресейдің Астрахань музейімен меморандумға қол қойылды. Нәтижесінде қараша айында Түркияның Стамбул қаласында жылжымалы көрме өткізу жоспарланып отыр. Фестиваль республикалық, облыстық, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде өз деңгейінде насихатталды. Фестивальге 70-ке тарта қатысушы қатысып, 2000-ға тарта көрермен келіп тамашалады.

Біздің тарихымыз, жәдігерлеріміз, құнды қолжазба деректеріміз Ресейде, Қытайда, Моңғолияда, Ватиканда, Мысырда тіпті мұхит асып Америкада жүр. Бір ғана мысал, Дархан Қыдырлінің фейсбукқа жазған макаласын оқыдым. Нью-Йорктағы «Метрополитен» музейіне барса Алтын Орданың ұлық ханы Әз-Жәнібек ханның дулығы түр екен. Таң-тамаша қалған ол мұнда дулығын қалай келгенін сұраса, антиквариат сататын дүкеншіден алғандарын айтқан. Дулығы алдымен Қытайға кеткен, қытай саудагерлері оны америка саудагеріне сатып жіберген. Міне, осылай қаншама баға жетпес тарихи құндылықтарымыз шетел асып кеткен. Бізге осы тарайды шашырап жатқан тарихымызды жинап, туген-

өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Қазіргі таңда елімізде жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде, ғылыми ашылулар болып жатыр. Кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Біз осы мүмкіндіктерді мейлінше тиімді пайдалануға тырысып жатырмыз. «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласының аясында тарихи-археологиялық музейінің қызметкерлері де бірқатар ауқымды жобаларды атқаруда. Мысалы, «Көкжиегі кемел музейлер» атты республикалық музейлер фестивалін, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын дамытудағы музейлердің атқаратын ролі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырып, нәтижесінде ғылыми жинақ шықты. Музей археологтары Ф. Аuezov, Б. Балтабеков, А. Бірмұхановалар Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының құрамында Талдысай-ежелгі металлургиялық пештерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына қатысты. Сонымен қатар, «Сақралды Қазақстан» жобасының аясында өлкеміздегі тарихи-мәдени ескерткіштерге арналған жолкөрсеткіш және буклеттер дайындалды.

Мектеп оқушыларына арналған өлке тарихын сүюге, дәріптеуге, насихаттауға бағытталған «Жас өлкетанушы» жобасы да өз жалғасын табады. Қазіргі таңда бұл жобаға қаламыздың барлық мектептері атсалысып, өлкетану сабақтары музей қабырғасында өтуде. Бір көңіл қуантарлығы өлке тарихына деген қызығушылығы артқан мектеп оқушыларының саны көбеюде. Ұлытау-Жезқазған өңіріндегі «Алашахан», «Жошыхан», «Домбауыл» кесенелеріне, «Теректі Әулие» археологиялық кешеніне көптеген экскурсиялар ұйымдастырылды.

– *Әңгімеңізге рахмет.*



Сұхбаттасқан  
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

# КӨШПЕЛІ КЕРУЕН – ЖЕЗҚАЗҒАНДА

**АҚШ пен Қазақстан арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың 30 жылдығын мерекелеу аясында мәдени ынтымақтастықтағы жетістіктерді дәріптеуге, өзара түсіністікті қалыптастыруға және екі мемлекеттің салт-дәстүрлері мен бай мұраларын танытуға айрықша көңіл бөлініп отыр. Осы мақсатта мысты шаһарға «Мейірімділік пен достықтың керуені» атбасын бұрды. Қазақстанның Ұлттық Дельфий комитеті АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы Елшілігімен бірлесіп ұйымдастырылып отырған іс-шара қалалық жасар сарайынан бастау алды.**

Меймандарды қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова мен мектеп оқушылары қарсы алды. Қазақстанның 10 шағын қаласы мен кенттерін аралап, қос елдің мәдениетін таныстыруды мақсат еткен керуенді Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Еуразиялық дизайн академиясының академигі, Қазақстанның Ұлттық Дельфий ойындарының әділ-қазылар алқасының төрағасы Байқоңыр Ижанов бастап келді.

– Мен де ауылдан шыққан қарадомалақ баламын. Оқудың, ізденудің арқасында біршама жетістіктерге жеттім. Балаларым, сендерден де осыны күтемін. Ерінбедер, оқындар, арман-



даңдар. Білім-ғылымға жақын болыңдар. Сондай-ақ, өнермен айналысыңдар. Өнер адам жанын әсем етеді. Мен жұмыс істейтін өнер академиясы жанында мектеп, колледж бар. Соған оқуға ниет танытсаңдар, біз қай кезде де құшақ жая қарсы аламыз, – деген Байқоңыр Ижанов жерлестерін Ұлытау облысының құрылуымен құттықтап,

алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі. Керуен тұрағы барысында елді мекендер де түрлі кездесулер мен әңгімелесулер, ойын-сауықтық бағдарламалар мен халыққа арналған ағартушылық іс-шаралар өтеді. Керуен құрамына Қазақстанның мәдениет қайраткерлері, АҚШ оқу орындарын бітірген қазақстандық волонтерлер,

жасар ұйымдарының көшбасшыларын қатыстыру да жоспар бойынша жүйелі жүргізіліп келеді.

Жылжымалы арт-зертхана саналатын керуен жасар сарайының кіреберісіне орналастырылған суреттер көрмесімен басталды. Аталған көрмеде көрермендерге Жер ғаламшарының көркем келбеті, ауа мен жер қабатының ғажайыбы, топырақтың құпиясы, ботаникалық процестер туралы фотолар мен ақпараттар ұсынылды.

Одан әрі ұйымдастырушылар оқушыларға колонер бұйымдарын жасау мен сурет салудың қыр-сырын үйретті. Туған жердің табиғаты туралы сурет салдырып, қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерін киюды үйреткен көрменің балаларға берері мол болғаны сөзсіз. Шеберлік сабағына келген №13 ЖББМ-нің 7 «д» сынып оқушысы Әмина Кенжегүл көркем еңбек панін жаксы көреді екен. Бүгін де біраз колонер бұйымдарын жасап үйренген ол ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Керуен жұмысы одан әрі экологиялық акциямен жалғасты. Екінші күні волейбол мен тоғызқұмалақ ойындарынан турнир өтті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

## МАМАН КЕҢЕСІ

### «БАРЛЫҒЫНА ҰЗАҚ ӨМІР!»

**Вакциналау дегеніміз не?**

Вакциналау – жұқпалы аурулардан қорғандық қарапайым, қауіпсіз және тиімді әдісі. Вакциналау көптеген жұқпалы ауруларға төзімділікті арттырады және сіздің иммунитетіңізді күшейтеді. Вакциналар да иммунитетіңізді арнайы антиденелер жасауға үйретеді.

**Вакциналау неге маңызды?**

Вакциналау – тап қазір аурудың алдын алып, адам өмірін сақтап қалуудың қауіпсіз және тиімді әдісі. Қазір дифтерия, сіреспе, көкжөтел, тұмау және қызылша сияқты кем дегенде 20 түрлі жұқпалы аурудан қорғайтын вакцина бар. Жалпы алғанда, бұл вакциналар жыл сайын 3 миллиондай адамның өмірін дерттен сақтайды. Егер вакцина алсақ, біз өзімізді ғана емес, айналамыздағы адамдарды да қорғаймыз. Кейбір адамдарға, мысалы, ауыр науқастарға, белгілі бір вакцина алуға болмайды, сондықтан олар ауру таратпау үшін басқа адамдардың вакциналауына тәуелді. COVID-19 пандемиясы кезінде вакциналау өте маңызды. Біздің иммунитетімізді есте сақтау қасиеті бар. Бір немесе бірнеше вакцина алғаннан кейін,

біз белгілі бір аурудан көп жыл, ондаған жыл бойы, тіпті өмір бойына қорғаныш аламыз. Тап осы нәрсе вакцинаны тиімді етеді. Вакцина біздің ауырып қалуымызға жол берілмейді.

**Вакцина адам мен қауымды қалай қорғайды?**

Егер адам ауруға қарсы вакцина алған болса, жұқтыру қаупі төмендейді, демек ауруды басқаларға таратуы азаяды. Қоғамда неғұрлым көп вакцина егілсе, соғұрлым аз адам осал болып, қоздырғышты адамнан адамға беру мүмкіндігі азаяды. Халықтың көп бөлігіне вакцина егілсе, ұжымдық иммунитетке қол жеткізіледі. Бұл жұқпалы аурулардың таралуын бәсеңдетеді. Бірақ ұжымдық иммунитет тек көп адам вакциналанғанда ғана тиімді. Бірақ, мысалы, сіреспе індеті қоршаған ортадағы бактериялардың әсерінен болады және оны басқа адамдар таратпайды. Сондықтан, вакциналанбаған адам бұл аурудан мүлдем қорғана алмайды.

**Вакцина қандай аурудан қорғайды?**

Дәрігерден сізге және отбасы мүшелеріңізге қандай екіпке қажет екенін сұраңыз.

**Неліктен вакциналау ерте жастан басталады?**

Күнделікті өмірде әлі иммунитетіңізді қалыпта-



таспаған кішкентай бала әр түрлі жерде болғанда, түрлі адамдармен кездескенде өзіне инфекция жұқтыруы мүмкін. ДДҰ ұсынған вакцинация кестесі сәбилер мен кішкентай балаларды бірқатар аурудан барынша ертерек қорғауға мүмкіндік береді. Сәбилер мен жас балалардың иммунитеті әлі дамып келеді, ағзасының инфекциямен күресу қабілеті төмен, сондықтан ауруға көп шалдығады. Ұсынылған кестемен балаларды вакциналау өте қажет.

**Вакцинаны кім алмауы керек?**

Бәріне вакцина етуге болады. Алайда белгілі бір ауру мен жағдайы бар адамға кейбір вакцина салуға болмайды немесе кейінірек мерзімге қалдырылуы керек. Оған:

- иммунитетіңізді төмендететін созылмалы ауруы бар немесе ем алып жүргендер (мысалы, химиотерапия);
- вакцина компоненттеріне өмірге қауіпті аллергиялық реакциясы болса;
- вакциналау кезінде ауырып жүрсе.

**Екпені жазылғаннан кейін алу керек**

Қай ата-ана болмасын өз баласына тек қана жақсылық тілейтіні анық. Өрісінің кеңейіп, ұрпағының жалғасуын қалайтын кез келген ата-ана, өзегін жарып шыққан үрім-бұтағы үшін өмірдің игілігін ғана тілейді. Ал екпеге қарсы болу – бала денсаулығына туып тұрған қауіп. Екпеге қарсылық проблемасы медицина саласы шеңберінен шығып, жалпы мемлекеттік саясат деңгейіне жетті. Мысалы, Ресейде бала бақшаға, мектепке және оқу орындарына екпесіз қабылдамайды. Осындай заң біздің де елімізде Парламенттің қарауында және қолданысқа енетіні белгілі.

Сондай-ақ, екпе алмағандар қажылыққа немесе шетелге оқуға баруға мүмкіншілігі болмайтынын ескертеміз.

Уақытылы егу арқылы ғана көптеген қатерлі жұқпалы аурулардан балаларымызды аман сақтап қаламыз. Ата-ана, жұқпаға қарсы егілу – дұрыс шешім!

А Ж. БАЙБОСЫН,  
«Тильман» ЖШС дәрігер-эпидемиологы.

КҰЙТ СЕН, ҚҰЙТ СЕНБЕ

Қазақта «Рух», «әруақ» деген түсініктер бар екенін білеміз. Орыстар «әр үйдің өз иесі бар» деп сендіреді. Басқа ұлттарда да әртүрлі сенім, түсініктер бар. Келе-келе сондай жұмбақ құбылыстардың бар екенін мойындадық. Мына төмендегі әңгімелер соны мойындамай қоймайды да...

КИЕЛІ ЖЕР

Өткен ғасырдың 70-80-ші жылдары Жаңатас қаласы қысқа уақытта тез өсіп, біраз халық шоғырландықтан тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету проблемасы туындайды. Жақын маңдағы су қоры бар деген жерлерден құбыр тартып, су әкеледі. Бірақ, олар тиісті су мөлшерімен толық қамтамасыз ете алмайды. Ақыры, амалы таусылған басшылар іргелес жатқан Созақ ауданындағы Баба түкті Шашты Әзиз кесенесінің жанындағы су көзі мол әулие бұлақтан су тартпақ болып шешім қабылдайды. Құбыр салмақ үшін жер қазатын техника жібереді. Бір ғажабы, әлгі жерге барған техникалардың бір де бірі жұмыс істемей, сына береді. Құрылысшылар аң-таң. Сонда, сол ауылдың байырғы тұрғындары бұл жердің киелі екенін, әруақтардың тыныштығын бұзбауды өтінеді. Сөйтіп, жаңатастықтар жоспарларын іске асыра алмай, кері қайтады.

Осындай мистикалық әңгімелерді сирек болса да әр өңірден естуге болады. Мысалы, Алтайдың таулы аймағынан «Укок патшайымының» мумиясын қазып алғаннан кейін, 2003 жылы бұл аймақта 7,6 балға жететін жер сілкінісі болып, халық одан көп зардап шекті. Сонда бақсылар: «Егер «патшайымның» сүйегі қайта орнына жерленбесе, көптеген катоклизмалар, апаттар (катастрофалар) болады» деп мұрденің қайта жерленуін талап етті. Бұл құбылыстарды осы күнге дейін еш ғалым түсіндіріп, шешкен емес.



ЕЛЕС

Ертеректе, Тараз-Бішкек тас жолының бойында жеңіл көлігімен келе жатқан жігіт ағасы, сол маңдағы өзен бойына жақындағанда, аяқ астынан пайда болған бейтаныс қыздың оның көлігімен ілесіп, жүгіре бастағанын көреді. Мұның бұл әлемге тән құбылыс емес екенін іштей сезген ол, мүмкіндігінше жылдам-

дығын асыруға тырысады. Қанша тез жүруге тырысқанымен, әлгі қыз да одан еш қалыспайды. Тек бір елдімекенге келгенде ғана жаңағы елес бірте-бірте көзден ғайып болады. Тосын жағдайдан есенгіреп қалған жүргізуші, ауыл адамдарына болған оқиғаны баяндағанда, олар да бұған, жергілікті өзенге осыдан біраз жыл бұрын бір қыздың батып кетіп, сүйегі табылмай, көмілмей қалғанын айтады. Сөйтсе, бұл қыздың елесі оған ғана емес,

басқа жүргізушілерге де дәл осылай бір емес, бірнеше рет көрініпті. Бірақ оған көбі мән бермеген. Мұның бәрін ой елегінен өткізген жігіт ағасы, көп кешіктірмей, бір малын алып, құрбандық шалып, ауыл молдасы мен қариялардың басын қосып, құран оқытады. Осыдан кейін ғана тас жолдың бойындағы әлгі қыздың елесі мүлдем жоғалыпты. Мұның астарында да, жаңағы «аруақ, рух» ұғымдарына қатысы бар екеніне ой топпылайсыз.

ҚАТЕРЛІ ЖЕР

Әлемдік статистикаға көңіл аударсақ, қауіпті, «аномалиялық» жерлердің белгілі бір аумақпен ғана шектелмейтінін түсінеміз. Ғалымдардың болжауынша, дүниежүзінің әр аумағындағы ондай қауіпті аймақтар санатына жататын жерлердің біразы, тіпті, адамды қойып, жануарлар өміріне де қатер төндіреді-мыс. Мысалы, Үндістанның Ассам штатындағы Джатинга елді мекенінде жыл сайын күзде құстар құлап, мерт болатын жер бар екен. Бұл жерді тұрғындар «Құстар қабірі» деп атайды.

Дүниежүзінде тосын оқиғаларымен әйгілі талай жерлер бар. Солардың бірі Жапониядағы Аокигахара орманы. Бұл қорқынышты әрі үрейлі ну орманда өткен XX ғасырда 500-ге жуық адам суицидке, яғни өзіне-өзі қол салуға барған. Зерттеушілер үшін жұмбақ құбылыс – орман ағаштары тәулік бойы күн көзін көрмейді, көлеңкеде орналасқан. Соған қарамай ағаштардың шынардай тіп-тік болып, аспанмен таласа өсуі, келушілерді қойып, орманшы-мамандарды да таңғалдырады. Орманда ешбір техника, соның ішінде, тіпті, жол іздеуге көмекші құрал компас жұмыс істемейді екен. Келушілердің көбі көп ұзамай, жұмбақ жағдайда өздеріне өздері қол жұмсайтын көрінеді.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Жаратылыста барлық нәрсе белгілі заңдылыққа бағынады. Адам тұрқы он екі жәліктен тұратынындай жыл қайыру да он екі жылға белгіленген. Осы жылдарға ат қоюға келгенде шығыс халқында мынадай аңыз бар. Аңның барлығын жинап, күн шығуын бірінші көрген жылдың басын иеленеді деген шарт қойылған екен. Мойным ұзын, күннің шапағын бәрінен бұрын мен көремін деп сенген түйенің өркешіне секіріп мініп, күнді одан бұрын көріп, жылдың басын иеленген тышқанның аялаласына орай «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген мәтел пайда болған екен. Міне, осы жаңарып отыратын он екі жыл бір мүшелге есептеліп, адам өмірін кезең-кезеңімен кемелдендіреді.

Мүшел жастың мәні

Алғашқы мүшел он үш жасы есептеледі. Одан соң жиырма бес, отыз жеті, қырық тоғыз, жетпіс үш, сексен бес, тоқсан жеті, жүз тоғыз, осылайша араға он екі жыл салып кісі баласы бір белестен бір белеске көтеріліп отырады. Сәби дүние есігін ашқаннан бір мүшелге толғанша қалыптасу, есею кезеңінен өтеді. Сондықтан ер баланы табиғатына сәйкес тәрбиелеуге қатты мән беріп, физиологиялық та, психологиялық та тұрғыдан еркін, жан-жақты мүмкіндік беріп, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау ұлттық салт-дәстүріміздің дінгегі болып табылады. Жеті жастан бастан ер баланы атқа мініп, суда жүзуге баулу, садақ атуды үйретіп, оғлан болғанын көру ертедегі оғыз-қаған заманынан бері келе жатқан дәстүр. Сол кезде бала жауынгерлік мінез-құлқына ие болып, келешек ел қорғаны балуға бала жастан бейімделіп өседі. Бүгінде осы дәстүрдің жұрнағы да қалмай бара жатуы ер бала мен қыз баланың бір ортада, бірдей жағдайда білім алып жатуы өзіндік ерекшеліктерге сына қағып, ер баланың өзіне тән артықшылықтарын бірте-бірте көмескілендіріп барады. Осының кесірінен дене тұрқының дамуы жөнінен де кешеуілдеп, нәзік жетілетін кей ұлдар өзінің әлсіз тұсына намыстануынан күйреуік күйге түсіп, психологиялық соққы алып жатқан көріністерді де кездестіруге болады. Еркін дамуына ерік беру ер баланың өзіндік табиғатымен үйлесім табатындықтан дене мүшелері жетілмеуі, бойы өспей, нәренжу калу сынды қолайсыздықтан құтқарады. Бұл келешек мектеп бағдарламаларында басты мәселе болуы тиіс.

Қазақ даласында ертеден ұрпақ негізін дұрыс қалыптастыруда ихсан мектептер болған. Бұл жас балаларды кішкентайынан әдеп пен имандылыққа, адалдыққа, тазалыққа, шыншылдыққа тәрбиелейтін даланың өнеге ошақтары саналған. Мұндай орында өнеге алған жас өскін тінтейіннен тағылымға тәрбиеленіп, сол мінез-құлықты өмірлік дағдысына айналдырған. Өйткені «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей» деген тәмсіл бар. Қазақта «Он үште отау иесі» дегенде бұл жасқа қатты мән берілетінін, яғни балалыққа толды деп есептеліп, оған сенім артып, бір үйдің жауапкершілігін арқалауға негіз бар. Ата-анасының, бауырла-



рының қамқоры бола алатындай қайратты жас есептелген. Әр мүшелде қасиет бар. Жиырма бес – жас жігіттің дер шағы. Жалындап жанып тұрар, қайраулы қайрақтай, дұшпанға қарсы өрлейтін, намысты қолдан бермейтін, еліне еге болар, отбасын құрып, беріктігіне шеге болар нағыз көрікті жасы есептеледі. Адамда 360 сүйек бар болса, ол отыз жеті жасқа дейін тоқтаусыз өседі. Осы кезде көз сұғынан сақтан деген сөздің мәні бар. Тұлғаның ең бір толықсыған отыз жеті жаста жігіт толық өз-өзіне есеп беріп, алды-артын бағамдайтын, кем тұсын түгендеп, артығын тізгіндеп, бүгінгі мен ертеңіне ой жіберіп алаңдайтын қасиет жасамаса керек, қырық тоғыз жасында кемеліне келіп, өз ақыл-ойына сеніп, алпыс үш жасында алысқа көз тігіп, өзін отбасы ғана емес, ағайын-туыс, әулеттің тұтқасымын деп біліп, қара нар қариялыққа даярланса, жетпіс үштен жоғары қарай елдің ақсақалы, данағой абызы деңгейінде айналасын ақылға шақырып, бірлік пен ынтымақтың үлгісі болып отырыса жарасымды. Мүшел жаста мән бар. Бұл көзсіз сенім немесе ырым-жырымнан тыс табиғи заңдылығы дәлелденген адам өмірінің ажырамас бір бөлігі. Сондықтан мүшел жасқа кіргеннен дені-қарнының саулығы мен қарақан басының амандығына алаңдап, сақтану амалдарына көше бастайтын бір әдет әрбірімізге тән. Мүшел жасында қауіп пен қатердің жиірек ықтималдығы жөнінде түрлі тыйымдар қатарында жалғыз жүруді құптамау да бар. Содан соң айтылған сақтықтарға мән бермеген бір мүшесінен айрылады деген қорқыныш та бар. Бұл жөнінде Аюп пайғамбардың басынан өткен дейтін аңызда мынадай оқиға бар. Аюп пайғамбар мүшел жасында еді, жалғыз жолаушылап келе жатып түс көреді, түсінде берілген аянда: «Үйіне барсаң әйелің өледі, түзде қалсаң өзің өлесің» дегенді білдіреді. Көрген түстен секемденген ол жанының амандығы үшін мол садақ береді. Дорбасын жерге қойып, жан шақырып отыр еді, оның ішінен шыққан жылан ирелендеп жөніне кетеді. Жан алатын әзірейіл сол екенін біліп, амалының арқасында аман қалғанын іштей түсінеді. Мүшел жасқа толған жанның күні бұрын сәтсіздіктердің алдын алып, қайыр-садақа таратуы, өзінің ең қимас

О, ТОБА!

Табытты қандай құпия бар?



«Менің моламды қазып, сүйегімді қорлаған жанды тозақ күтеді». Бұл мысыр перғауындарының табытындағы жазу.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында француз ғалымдары пирамиданың жерасты қуысына жасырылған бір перғауынның табытын табады. Табытты ашпа бұрын олар шекіп жазылған жазуларды көреді. Бірақ белгісіз таңбаларды оқи алмай, табытты ашып зерттепті. Арада жылдар өткен соң ғалымдар әлгі жазуды киоластырып оқып шықса, «Менің моламды қазып, сүйегімді қорлаған жанды тозақ күтеді» деген қарғыс екен. Кейін сол қабірді ашқандардың барлығы белгісіз дерттен қайтыс болыпты. Иә, мысырлықтар өз патшасын (перғауын) жерлер кезде адамдар таба алмайтын жерге жасырып, түрлі амалдар қолданғаны белгілі. Мәселен, олар табытқа ғасырлар бойы күшін жоймайтын у жағып, сиқыршылардың көмегімен қарғыс жаздырған. Қазірдің өзінде пирамидаларды рухтар мен жынды қорғайды деген аңыздар жеткілікті. Тіпті пирамидаға кіргендердің кейбірі күлген, айқайлаған дыбыстарды естиді екен. Мысалы, ағылшын саяхатшысы Джимс Бруктің күнделігінен мына жайтты оқуға болады: 1768 жылдың жазында ол патшалар жерленген алқапқа барған. Түнде шатырда ұйықтап жатқан оны белгісіз біреу түртіп отықан. Көзін ашқан бойда бойын үрей билеп тұра қашқан. Содан соң ол Ніл өзенінің жағасына барып, есін жиған екен. Оны қорқытқан күш не? Белгісіз. Әлі күнге перғауынның табытын ашқан бірде-бір ғалым аман қалған емес. Перғауынның табытын ашу – өмірмен қоштасу екені өткен ғасырдың ортасында ғана белгілі болды. Мәселен, 1805 жылы дәрігер Б.Гендерсон екі мумияны ұрлап бара жатып жындынып кеткен. Мысырды армансыз шарлап, перғауындардың табытын зерттеген ғалым Лидманның да аяқ астынан есі ауысыпты. Дәл осындай қарғыс арқалаған өлкеге Жәбел-Әбу-Сиром үстірті жатады. Ол жерде перғауынның мүрдесімен бірге алтын-дары көмілген және 5 мыңнан астам адамның мәйіті бар. Мұнда да зерттеу жасаған ғалымдардан аман қалғаны жоқ. 1941 жылы Юкатан штатындағы үндістердің көне пирамида-сын зерттеген Джон Ллойд Стивен, Самуэл Кэббот және ағылшын суретшісі Фредрик Казервуд жазылмас дертке ұшыраған. Жол бастап барған үнді тайпасының басшысы адамдарының бірінен соң бірінің өліп жатқанын көріп, табытты қайта пирамидаға қайтаруын өтініп зар қакқан екен.

Тылсым дүниемен танысқан Ізбасар ОЙБАС.

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

## Жезқазған қалалық референдум комиссиясы Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 (қалалық әкімдіктің ғимараты)

Төраға – Битенова Б.Р., төраға орынбасары – Алмағамбетов Р.Ж., хатшы – Мацедон Т.Е.

Комиссия мүшелері: Исаев К.О., Тлеужанова М.К., Жанаев К.Д., Акаемов Ю.В.

## № 209 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Сәтбаев көшесі, 1-үй С. Қожақұллов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры)

Төраға – Кадырсизов К.К., төраға орынбасары – Устюгова А.В., хатшы – Кудасбаева Ж.М.

Комиссия мүшелері: Бакибаева М.С., Уалинов А.К., Куспаева Т.Г., Сембина Ж.Т., Кульбаева К.Б., Таңатарова Д. К., Старкова Т. С., Омарова М. Д.

## № 210 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 30-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 26 гимназиясы» КММ)

Төраға – Пирекенов Г. Е., төраға орынбасары – Баймырзаев А.Т., хатшы – Ильясова С.Ж.

Комиссия мүшелері: Сарсембаева А. Б., Оспанова Л.Т., Бораш М.А., Альжанова Р.С.

## № 211 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Гагарин көшесі, 6-үй («Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жобалау институты)

Төраға – Караторгаев Б.Н., төраға орынбасары – Жаулыбаева Г.С., хатшы – Мейрамов А.Б.

Комиссия мүшелері: Овчаренко И.А., Базылбекова Ж.С., Калиева А.С., Мауленова А.А., Мурзин А.Б., Ускембекова Б.Ж., Аманбекова М.А., Булакбай М.М.

## № 212 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, 40-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 22 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Сартайлаков М.К., төраға орынбасары – Ақылбекова А.М., хатшы – Алқулова А.Б.,

Комиссия мүшелері: Утенова А.О., Кубешев А.А., Омарова Ж.М., Тулегенова Э.Б.

## № 213 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Аманжолов көшесі, 18-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 24 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Цой К.С., төраға орынбасары – Айешов С.Т., хатшы – Омарова Б.Ш.

Комиссия мүшелері: Бейсембаева А.Ш., Михайлов Г.А., Бакиров С.Б., Утенова А.Т.

## № 214 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Пушкин көшесі, 35-үй («Жезқазған заң колледжі» КММ)

Төраға – Сеилов С.М., төраға орынбасары – Сеитова Б., хатшы – Бакирова Д.Д.

Комиссия мүшелері: Исакова Н.Н., Катшабаева Г.С., Тулебек Д.К., Сералина А.Ж., Аубакиров Д.Ж., Омарова Г.А., Султансейтова М.К., Таубаева И.У.

## № 215 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Жанасов көшесі, 15-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің» «Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Тлегунова К.Х., төраға орынбасары – Ибраев Б.К., хатшы – Абишева Б.М.

Комиссия мүшелері: Байғазиева Б.А., Каржаубаева С.Т., Алибеков М.К., Саулембекова С.Е., Жандарбекова Ш.Е., Рахимжанова А.М.

## № 216 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Железнодорожная көшесі, 1-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 133 негізгі орта мектебі» КММ)

Төраға – Мукашева А.Т., төраға орынбасары – Дәулен Г.М., хатшы – Әліпбай Л. Қ.

Комиссия мүшелері: Камбаров Ж.А., Сансызбаева Г.Б., Сембина А.Т., Кенжалиев К.К., Телбаева А.К., Бакибаева А.С., Алтынбекова Г.С., Ахмирова М.А.

## № 217 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Гоголь көшесі, 9-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 13 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Коршикова С.П., төраға орынбасары – Кенгирбаев А.Т., хатшы – Лозовая Т.А.

Комиссия мүшелері: Моторин Н.С., Ситникова С., Тукунова К.С., Курманбаева Ж.Б., Кубешев Д.А., Кусяинова Г.Ш.

## № 218 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 148 үй («Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ)

Төраға – Есен А.С., төраға орынбасары – Омарова Д.К., хатшы – Тукунова Г.С.

Комиссия мүшелері: Мамутова Г.А., Байконурова Г.С., Жартыбаева А.С., Курманғалиева Ш.К., Кусяинова З.Т., Беляков И.Г.

## № 219 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Абай көшесі, 75 үй, («Тау-кен металлургия колледжі» КММ)

Төраға – Картабаев О.Т., төраға орынбасары – Рашитова А.Е., хатшы – Кенбейлова Г.Б.

Комиссия мүшелері: Маселеева Ж.Е., Есмагамбетов Р.Ж., Габдуллин Т.С., Жетпісбай Т.Г., Жанбаев К.К., Джамбаева Б.С.

## № 220 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Гагарин көшесі, 74-үй («Жезқазған гуманитарлық колледжі» КММ)

Төрағасы – Исахова А.С., төраға орынбасары – Нығызбаева П.Т., хатшы – Бузауова К.М.

Комиссия мүшелері: Атеева Г.М., Сундикова Г.К., Айтуарова М.Ж., Сатыбалдина Д.У., Жақсылық Ж.С., Полат Г.К.

## № 221 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, 82-үй («Экоэлектр» ЖШС)

Төраға – Ибраева Г.Т., төраға орынбасары – Мукушев Б.М., хатшы – Кинах Н.Я.

Комиссия мүшелері: Салқауов Т.Т., Токиров А.С.

## № 222 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Ержанов көшесі, 11-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 9 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Кубенова Р.Б., төраға орынбасары – Амирханова Г.Т., хатшы – Кадирсизова К.М.

Комиссия мүшелері: Камбасова Е.Ж., Семизова М.Б., Мейрманов Ж.Т., Есеева Р.М.,

## № 223 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Ержанов көшесі, 11-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 9 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Кеделова Б.Т., төраға орынбасары – Сейдахмет С.А., хатшы – Тулегенова А.С.

Комиссия мүшелері: Токбергенова Г.А., Карезина С.С., Жакенова А.А., Калдыбаева А.К.

## № 224 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Марғұлан көшесі, 50-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Аппазов К.Т., төраға орынбасары – Райымбекова Д.Ж., хатшы – Абдыкарпов А.К.

Комиссия мүшелері: Газизова Г.К., Тилеубаева Г.Р., Асылбеков А.Б., Аширбекова Ж.К., Абрезов Б.А., Доспанова Т.Т.

## № 225 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Иманжан көшесі, 11-үй, («Жезқазған қаласының орталық ауруханасы» КММ)

Төраға – Ешжанов Б.К., төраға орынбасары – Жаркешов А.И., хатшы – Кадырова А.М.

Комиссия мүшелері: Ахметжанов С.А., Майгельдинова А.У.

## № 226 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер бульвары, 52-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 21 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Абдуалиева З.А., төраға орынбасары – Токаев Б.К., хатшы – Мерғалиева С.С.

Комиссия мүшелері: Орманова А.С., Кабашева З.К., Бейсеналинова М.А., Тойшыбекова Э.Е., Абдикамалова Э.А., Абсалыков А.Ж., Абжаппарова Г.М., Шорабаева Б.Д.

## № 227 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, 15-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Шидербаев К.З., төраға орынбасары – Свиначев В.Г., хатшы – Молдаганрова А.А.

Комиссия мүшелері: Иманәлі Қ.С., Нысанбаев Г.А., Абишева Г.С., Шегебаева Ж.Р., Садуова Ш.А., Сатова М.Г., Наушарбан М.М., Шафиқова Г.С.

## № 228 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Алашахан даңғылы, 15-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Абдигожин А.С., төраға орынбасары – Нурмағамбетов М.Б., хатшы – Махамбетова А.И.

Комиссия мүшелері: Бейсекеева Г.Б., Балабекова Ж.У., Колесникова М.И., Нурмағамбетова К.Е., Касымбеков А.Ж., Жекенова Ж.С., Жарасбай Н.Б., Наймушина В.В.

## № 229 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Момышұлы көшесі, 12-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Естаев А.А., төраға орынбасары – Ким И.А., хатшы – Сапарова А.Е.

Комиссия мүшелері: Балкибаева Ж., Саргелтай М., Жаркынбек Н., Касымов Д., Бириюкова И.Р., Жұртшыбаев Ж.Ж.

## № 230 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Анарқұлов көшесі, 19-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 8 гимназиясы» КММ)

Төраға – Туребеков М.Ж., төраға орынбасары – Доспанова Б.М., хатшы – Джакибекова Г.Ж.

Комиссия мүшелері: Сагандыкова Б.К., Дузбаева Ж., Кабылденова А.А., Ералинова Д.А., Кожабасева Е., Қалмағанбетова А.Н.

## № 231 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Анарқұлов көшесі, 19-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 8 гимназиясы» КММ)

Төраға – Кошанов М.М., төраға орынбасары – Саурмамбетова С.Ж., хатшы – Букина Е.Г.

Комиссия мүшелері: Орынбаева Г.Н., Альжигитова Д.К., Накипбекова Г.Б., Асамбеков Д.Е., Алиакпар Д.Ж., Мусина Б.К.

## № 232 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Анарқұлов көшесі, 12-үй («Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті» АҚ «Гуманитарлық-педагогикалық институтының ғимараты)

Төраға – Жалбыров А.Б., төраға орынбасары – Джомартов Т.А., хатшы – Камбарова Ш.А.

Комиссия мүшелері: Байыршаева Ж.Б., Доскенова Э.Ж., Алимова К.А., Шыныбекова Л.С., Курманбаева А.Г., Данаева В.И.

## № 233 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 3 үй («Халықтар достығы және мәдениеті үйі» КМҚК)

Төраға – Аманова Н.Т., төраға орынбасары – Альбатгина М.Е., хатшы – Башанова Л.Т.

Комиссия мүшелері: Айтжанова А.А., Алшынбаева А.Т., Жылтырғузова Б.Х., Унгитбаева Н.Р., Кушанова З.А., Боранбаева А.Б.

## № 234 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Жәлел көшесі, 10-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің № 3 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Абдрахманова Б.Ш., төраға орынбасары – Есмағамбетова Г.Ш., хатшы – Омарова Н.А.

Комиссия мүшелері: Шилдебасева А.Ш., Какимбек Н., Исаева Г.С., Есимханов Ш., Жакаева К.А., Жумабек Ж.

## № 235 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Жәлел көшесі, 12-үй («Жезқазған қаласының білім бөлімінің Қ. И. Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі» КММ)

Төраға – Қожамсеитова Г.С., төраға орынбасары – Саметова К.Ж., хатшы – Садыкова Ж.Т.

Комиссия мүшелері: Сарсенбекова Г.К., Газизова Г.И., Мухтарова А.Т., Абдрахманов А.А., Сейткен К. А., Танатар Г.

## № 236 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Геология кенті («Жезқазғангеология»АҚ)

Төраға – Карменбаев Ж., төраға орынбасары – Досетова Г.Ж., хатшы – Дарибасева Б.Ш.

Комиссия мүшелері: Башанова А.Е., Садуақасова К.Ж.

## № 237 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Кенгір ауылы, Школьная көшесі, 2-үй («Жезқазған қаласы білім бөлімінің Кенгір ауылының № 2 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Аяшова Г.Ш., төраға орынбасары – Битенова А.Г., хатшы – Мейрамова А.А.

Комиссия мүшелері: Сызанова А.Х., Аманжолова С.С., Асқар Д.А., Мағзумов К.Б.

## № 238 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Малшыбай ауылы, («Жезқазған қаласы білім бөлімінің Малшыбай ауылының № 15 негізгі орта мектебі» КММ)

Төраға – Карабеков Ж.Е., төраға орынбасары – Мейрамов Е.А., хатшы – Смағулов Е.Ж.

Комиссия мүшелері: Байбосынова К.М., Тулешова Г.Н.

## № 239 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қ., Теректі станциясы, 69 («Жезқазған қаласы білім бөлімінің Теректі станциясының № 6 негізгі орта мектебі» КММ)

Төраға – Байжабақ Ғ. Ә., төраға орынбасары – Махамбетов Т.О., хатшы – Наурызбаев А.А.

Комиссия мүшелері: Жетербаев Е.Б., Алпысоева М.С.

## № 240 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Талап ауылы, Молодежная көшесі, 21-үй («Жезқазған қаласы білім бөлімінің Талап ауылының №14 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ)

Төраға – Туллубаев К.М., төраға орынбасары – Райсова Г.С., хатшы – Битенова Г.М.

Комиссия мүшелері: Байбосынова Р.С., Бәркен Ф.Д.

## № 241 учаскелік референдум комиссиясы Орналасқан жері – Жезқазған қаласы, Желтоқсан көшесі, 4 (ПБ (СИ-21) тергеу изоляторы)

Төраға – Жусупбеков Р.Ш., төраға орынбасары – Орумбаева А.С., хатшы – Досетова Ж.М.

Комиссия мүшелері: Жолдыбаева Ш.А., Кенжебаев А.

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

Екі жылда 648 млрд теңге проблемалы қарыздар есептен шығарылды

*Қазақстанда екі жылда 648 млрд теңге проблемалы қарыздар есептен шығарылды.*

*Бұл туралы стреттік активтер нарығын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер туралы заң жобасын талқылау кезінде ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымова мәлім етті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.*

«2020 жылдан бастап банктер Агенттіктің келісімі бойынша стреттік активтерді азайту жөніндегі жеке жоспарларды әзірлеп, іске асырап жатыр. Екі жыл ішінде 648 млрд теңге проблемалы қарыздар есептен шығарылды», – деді М. Әбілқасымова. Оның пайымынша, осыған байланысты стреттік активтерді нарықтық негізде одан әрі азайту әлі де өзекті. Бұдан бұрын хабарланғандай, 2016 жылдан бастап банк секторын қалыпқа келтіру бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде 6,7 трлн теңге сомасындағы стреттік активтер есептен шығарылды. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стреттік активтер мөлшері 2,3 трлн теңгені немесе банк жүйесі активтерінің 6 пайызын құрады.

**Білім алу гранттары,  
бос жұмыс орны туралы  
мобильді қосымша  
жасалмақ**

*Қазақстандық жоспары сынып оқушыларына арналған мобильді қосымша әзірленді. Бұл туралы ҚазАқпарат Азаматтық басмаларды қолдау орталығына сілтеме жасап хабарлайды.*

Қосымша жастарға республиканың оқу орындары, мемлекеттік және басқа да гранттық бағдарламалар туралы толық ақпарат алуға, сондай-ақ өңірлердегі бос жұмыс орындары туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Азаматтық бастамаларды қолдау орталығында «Кәсіптік бағдар беруге, жастарды еңбек нарығының қажеттіліктері туралы ақпараттандыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру» жобасы таныстырылды. Ол болашақ мамандықты таңдау барысында жастарды қолдауға бағытталған. Қазақстан Студенттер альянсының президенті Илияс Түстікбаевтың айтуынша, гранттық жоба аясында елімізде алғаш рет талапкерлерге қажетті ақпарат жиналған қосымша пайда болады. «Бізге талапкерлер тарапынан ЖОО, колледж сайттарына шағымдар көп келеді. Жастар өздеріне қажетті ақпаратты таба алмайтындығын, кейбір сайттардың құрылымы өте күрделі екендігін айтады. Осыны ескеріп, біз биыл жаңа қосымшаны әзірлеуді ұйғардық. Онда еліміздің жоғары оқу орындары, колледждері, мемлекеттік және басқа да білім беру гранттары, стипендиялар, сондай-ақ аймақтардағы бос жұмыс орындары туралы ақпарат ұсынылады. Қосымшаны әзірлеу мақсатында біз «Атамекен» ҰҚП, ҚР Білім және ғылым министрлігі, университеттер, колледждер, білім басқармалары, өңірлердің жұмыспен қамту орталықтарының мамандарын жұмысқа тартуды жоспарлап отырмыз. Біздің қосымшамыз жоғары сынып оқушыларына болашақ мамандығын, оқу орнын таңдауға көмектеседі деп ойлаймыз», – деп атап өтті Илияс Түстікбаев. Жаңа қосымша мемлекеттік және орыс тілдерінде қолжетімді болады. Жобаны ұйымдастырушылар оны алдағы бір-екі ай ішінде іске қосуды жоспарлап отыр. Айта кетейік, «Кәсіптік бағдар беруге, жастарды еңбек нарығының қажеттіліктері туралы ақпараттандыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру» жобасы 2022 жылдың соңына дейін жалғасады.

*ҚазАқпарат сайтынан.*

# ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық модернизациялаудың өзекті сұрақтарының бірі де бірегейі – адами капиталдың даму сапасы мен перспективалары. Қазіргі жағдайда экономикалық сұлденудің ұзақ мерзімді негізі адами капиталдың сапалы сипаттамасын дамыту болып табылады.

Білім беруге және денсаулық сақтауға, бәсекеге қабілетті адами капиталды құруға инвестицияларды құю – бұл Қазақстан үшін барынша тиімді даму стратегиясы болып отыр. Сондықтан да адами ресурстарды дамыту – табысты мемлекет құрудың тиімді тетіктері қатарында танылып отырған мәселелердің бірі. Елбасымыздың өркендеу жолындағы адам капиталына инвестиция салудың Қазақстанды дамыту векторларының бірі екендігін атап көрсетуі маңызды.



шығармашылықпен қолдана білуге машықтандыру көзделеді. Шетел тілін оқыту қоғамның мұқтаждығына байланысты өзгеріп отырады.

Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. Одан күтілетін нәтижеміз қандай болмақ:

• Үш тілді енгізу негізінде полимәдениетті тұлға, бәсекеге қабілетті маман даярланады;

• Ағылшын тілін меңгерту арқылы халықаралық қатынастың, ғылым мен техниканың, бизнес пен журналистиканың барлық салаларында емін-еркін жұмыс жасай алатын ұрпақ даярланып, тәрбиеленеді;

• «2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы».

Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның еліміз үшін болашақтағы алары да, берері де мол. Қазіргі жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы орны ерекше болатынына да көзіміз жетіп келеді. «Біз мем-

лекеттік тілмен қатар ағылшын тілін игеруде серпіліс жасаудамыз. Қазіргі әлемнің талабына сай тіл үйреніп, оны меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі жаңа мүмкіндіктерді ашады». Осынау мүмкіндіктерді игеру мақсатында бүгінгі білім ордалары үштілділікті енгізудің, оны тиімді жүргізудің тың жолдарынан ізденіс жасап, мүмкіндіктерін табуға. Соның алғашқысы педагогикалық кадрлар құрамының жаңа мазмұндағы білім берудің технологиясы мен әдіс-тәсілдерін үйрету мақсатында арнайы курстардан өтуі болып отыр. Иә, педагогтар курстардан өтіп, оқушыларға жанаша білім беру жолын бастап та жатыр. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі оқушылардың алға жылжуына айтарлықтай септігін тигізетіні белгілі. Ал олар пайдаланатын әдістер оқудың, тіл үйренудің тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді.

**А** Бақытқұл ИСКАКОВА, №4 жалпы орта білім беретін мектебі.

Дана халқымызда «Су ағады, тас қалады. Кәрі кетеді, жас қалады» деген нақыл бар. «Қына тастан шығады, өнер-білім жастан шығады». Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу. Жастар – қоғамның әрдайым қозғаушы күші, жарқын болашағы.

# ЖАСТАР ЖӘНЕ ДӘСТҮР



Мен айтар едім бүгінгі Тәуелсіздік, егемендік алғаннан кейін жастардың ойы ұшқыр, емін-еркін айта алады. Бірақ-ақ, бүгінде өкініштісі көп жастарымыз әлеуметтік желілер арқылы тәрбие алып, адасып жатады. Алайда үйден әке-шешеден, әсіресе, төрде отырған ата-әжесінен алған тәрбиеге ештеңе жетпейді. Ол кісілер жок жерде дұрыс тәлім-тәрбиені толық бере аламыз деп айта алмас едім. Халық батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы: «Мен талай генералдардан дәріс алдым, сабақ алдым, бірақ соның бәрі сайып келгенде үйдегі апамның тәрбиесіне жетпейді» деген екен. Расымен ол кісілер бізді: «Біреудің ала жібін аттама, біреуге нақактан күйе жақпа, біреуге қиянат жасама, біреудің көз жасына қалма, үйге келген қонаққа нан ауыз тигіз, босағадан кетіп қалмасын, біреуге қол ұшын бер, ол түптің-түбінде Құдайдан қайтады» деп баланың санасына құйып отырған. Осы тәрбиенен өскен бала ешқашан жаман қылыққа бармасы анық. Бізді адастыратын ол – еліктеушілік.

айтқан үлкендеріміздің айтып кеткен тымдарына жүгініп, ата-дінімізбен ұлттық салт-дәстүрімізге сүйеніп, заман көшінен қалмай, әрине, ютуб, әлеуметтік желіні пайдаланба деп отырғаным жоқ, қажетті, пайдасы бар, жақсылыққа жетелейтін, тәлімі мол дүниелерден сабақ алған жөн. Сосын көп жастарымыздың сөздік қоры өте аз. Оған себеп әдеби-тарихи кітаптарды, еліміздің танымал ақын-жазушыларының шығармаларын оқымаймыз. Кейбіріміз елімізге танымал, Қазақстан деген елімізді әлемге мәшһүр еткен атақты каламгерлеріміздің аты-жөнін де білмей жатамыз.

Болашақта осындай олықлықтардың орны толады деп ойлаймын, Талантты, дарынды жастар бар бізде, қатарлары көбейсе беруіне тілектеспін. Мемлекетіміз жас буын өкілдеріне үлкен сеніммен қарап, сол жастарымыздың жан-жақты дамуына бар салада қолдауларын аянып жатқан жоқ. Соны оң іске пайдаланып, елді дамытуға атсалысу керек.

**Ізтөлеу ТҮСПӨВ,** ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі.

Әр нәрсенің түп-тамырына жетпей жатып, аяқты шалыс басып, кейін өкініп жатамыз. Сондықтан жоғарыда

# ТІЛ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНАСЫ

«Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына» – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, біздің мемлекеттік тіліміз біздің рухани байлығымыз.

Елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында тың түгіліп, ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Президентіміз Қ. К. Тоқаевтың «Қазақтың тілі – қазақтың жаны» атты мақаласы сөзіміздің дәлелі. Мемлекеттік тіл – егемендігіміздің тірегі, тәуелсіздігіміздің айғағы. Тіл – халқымыздың баға жетпес қазынасы. Ата заң аясында бақ-берекеміздің сақталып

отырғаны тіл саясатын дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзімізде, Отанымыз – Қазақстан! Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтуға орамды, көркем тіл. Тіл-адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды адам тіл арқылы үйренеді. Біздің ана тіліміз халқымыздың барлық іс-

әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәртебесін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі.

Біздер, бақытты халықпыз. Өйткені, біздің сөзге бай тіліміз, салт-дәстүрлеріміз, ұлттық құндылықтарымыз бар. Тіл – тәуел-

сіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Халқымыздың ең басты белгісі – оның ана тілінің құндылығында. Еліміздің жауларына айналған мемлекеттік тілімізді қастерлеу болашақ ұрпақ біздердің басты парызымыз.

**Шынар ТҮСПӨВА,** №13 ЖББМ кітапхана меңгерушісі.

# МЕДИАЦИЯ – ТАТУЛАСУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖОЛЫ

Елімізде «Медиация туралы» заңның қабылдануы, медиацияның дамуы, өркениет көшіне батыл бет түзеген қоғамымыздағы оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігі дәлелсіз.



Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі. Ұлы қазақ даласы билігінің белгілі дара тұлғалары – Төле, Қазыбек, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дауды бітімгершілік жолмен шешіп, халқымыздың бірлігін, ауызбіршілігін, тұтастығын сақтауға үлкен назар аударғандығы тарихтан мәлім.

Медиация – жалпы дауларды шешудің балама әдісі. Яғни, медиаторлардың негізгі міндеті – дауласушы екі жақты сотқа дейін ортақ шешімге келтіру, анығын айтқанда, қос тарапты бітістіру.

Медиация – бұл дауға талдау жасап, қарам-қатынасты реттеу үрдісін жүргізуші, кикілжің үстіндегі тараптардың да қажеттіліктерін қанағаттандыратындай шешім қабылдауға ұйытқы болатын дауды шешудің бірден-бір әдісі.

Медиация туралы заңымыздың аты бөлек болғанымен, қазақ халқы үшін жат дүние емес. Халқымыздың дарабоз билерінің дәстүрлі билік жүргізу тәсі-

лінің заңды жалғасы екендігін түсінгеніміз абзал.

Медиация – жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар және атқарушылық іс жүргізуде орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Медиацияны жетілдіруші тұлға – медиатор болып табылады.

Медиатор кәсіби және кәсіби емес негізінде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға.

Медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

Еріктілік, медиация тараптарының тең құқығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялық.

Қазақстандағы татуластыру рәсімдерінің өміршеңдігі, ең алдымен өз уақытын, қаржысын үнемдеп, қарым-қатынасты сақтай отырып, дауды балама түрмен шешуге ұмтылатын азаматтардың құқықтық санасына байланысты. Азаматтық істерде кәсіби медиатордың көмегімен тараптардың дауды медиация тәртібімен реттеу келісімін жасауларына байланысты тоқтатылды. Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімінің шарты бойынша талап қоюшы өз талабынан бас тартады, ал жауапкер алдағы уақытта дауды туындаптай тату-тәтті өмір сүруге міндеттенеді.

Сот барысында тараптардың арасында түзілген татуласу келісімін бекітіп, азаматтық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатты.

**Жұлдыз ЕСМУРЗИНА,** кәсіби медиатор.

# СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.

1		2		3	4	5	6	7		8
				9						
	10	11				12			13	
14				15				16		
						17				
18		19		20	21					22
		23			24			25		
26	27				28		29			
			30						31	32
			36	37		34	35			
	38						39	40		
41				42	43					
	44								45	46
47					48	49				
			50							
51						52	53			54
				55						
56							57			

КӨЛДЕНЕҢНЕН:

- 1. Мағыналас жақын сөздерді не дейміз? 5. Актер Әшімовтың есімі. 9. Балқаш көлінің солтүстігіндегі арал. 10. Көпшілік алдында сөйлейтін маман. 12. 29,86 грамм ағтеқа өлшемі. 14. Құрлықтың ойыс алқабы. 15. Қатты, ауыр ағаштың түрі. 16... Гита (кино). 17. Таза ақ түс. 18. Сайрайтын құс. 21. Алтыншы нота. 23. Сағат, фотоаппарат маркасы. 24. Үй құсы. 25. Жүк машинасы. 26. Өкпенің екінші аты. 29. Нашар мінезді адам. 30. Дана, әділ сөздерінің арабша баламасы. 31. Заң қызметкері. 33. Ағылшын лауазымы. 35. Әркімнің қалтасында болатын зат. 37. Бруцеллездің қазақша аты. 38. Геракл өлтірген тоғыз басты жылан (миф). 40. Садақтың оғы. 41. Көп санды құжат. 43. Аяқсыз улы тіршілік. 44. Сарбаздар тобы. 45. Жастас адамдар. 47. Абайдың шешесі. 49. Тегіс алпапты дөңес жер. 50. Қурайдан алынатын тұнба. 51. Самолет, вертолет гаражы. 53. Жаңа жайлы жел. 55. Жылдың үш айы. 56. Өзен арнасына іргелес жайдақ бөлігі. 57. Тригонометриялық функция.

ТІГІНЕН:

- 1. Малахов қорғаны қай қалада? 2. Табиғи сары сыр, қасқа. 3. Мүйіз үлкен жануар. 4. Аңызға айналған әнші-домбырашы. 5. Тістердің бірі. 6. Ұлы сұйық металл. 7. Найза лақтыратын сарбаз. 8. Өңірге белгілі журналист есімі. 10. «Мерт» сөзіне мағыналас сөз. 11. Ең ауыр жаза. 13. Жайықтың бұрынғы аты. 17. Ер-тұрман жабылғы. 19. Жер асты суының көзі. 20. Бүркіт қондыруға арналған кесілген арқан. 22. Солтүстік әскери альянсы, блок. 25. Нәрестенің төсегі. 27. Шабдалының орысша аты. 28. Биік ағаштың бір түрі. 31. Безгелдектің (құс) орысша аты. 32. Сақалды үй жануары. 34. Батырдың қаруы. 36. Қалың ағаштың өңірі. 38. Жаңа жыл заты. 39. Тамыры тәтті өсімдік. 42. Фотомодель, әйгілі әнші. 44. Еңбекақы, айлық ақшамыз. 45. Дзюдо кілемі. 46. Волга өзенінің қазақша аты. 48. Ұста құралы. 52. Көгілдір отын. 54. Шағын белес.

ГАЗЕТТІҢ № 17 (8280) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:

- КӨЛДЕНЕҢНЕН: 7. Найзағай. 8. Лавочкин. 10. Алдар. 11. Өсекпі. 12. Қыналы. 15. Хақи. 17. Қаратау. 18. Құда. 19. Миссис. 20. Қарасу. 24. Боза. 25. Шарапов. 26. Ахат. 29. Ағыбай. 30. Таразы. 31. Брага. 33. Қылқалам. 34. Мармелад.
- ТІГІНЕН: 1. Сауысқан. 2. Қараша. 3. Лама. 4. Заир. 5. Иоллык. 6. Ривальдо. 9. Адидас. 13. Нариман. 14. Паравоз. 16. Ижца. 18. Қоспа. 21. Торғауыт. 22. Пассат. 23. Найзахан. 27. Капрал. 28. Жанана. 31. Брак. 32. Асар.

## ДҮЙСЕНБІ 16 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Másele». 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман несі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телелерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Арта». 16:05 «Ауылдастар». 16:35 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Орман несі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq aлаh». 1:55 «Телелерігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 6:45 «Жұлдызды жекпе-жек». 8:30 «Бір туынды тарихы» д/ф циклі. 9:00 «Дала

## СЕЙСЕНБІ 17 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман несі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телелерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Үлт мақтанышы». 15:40 «Ауылдастар». 16:15 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Орман несі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq aлаh». 1:55 «Телелерігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 6:45 «Жұлдызды жекпе-жек». 8:30 «Бір туынды тарихы» д/фциклі. 9:00 «Дала

## СӘРСЕНБІ 18 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман несі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телелерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Деректі фильм. 15:40 «Ауылдастар». 16:15 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Орман несі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq aлаh». 1:55 «Телелерігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 6:45 «Жұлдызды жекпе-жек». 8:30 «Бір туынды тарихы» д/фциклі. 9:00 «Дала battle». 10:00 Megaхит. 12:00 «Шашу». 13:00

## БЕЙСЕНБІ 19 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер. 6:25 Aqparat. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман несі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телелерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Жан жылыуы». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Орман несі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:25 Aqparat. 1:00 «Ashyq aлаh». 1:55 «Телелерігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 6:45 «Жұлдызды жекпе-жек». 8:30 «Бір туынды тарихы» д/фциклі. 9:00 «Дала battle». 10:00 Megaхит. 12:00 «Шашу». 13:00

## ЖҰМА 20 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Орман несі». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телелерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Шыңарақ». 15:40 «Ауылдастар». 16:15 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабдалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq aлаh». 21:30 «Орман несі». 22:25 «Жат мекен». 23:20 «Көңіл толқыны». 0:00 «Parasat maidan». 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq aлаh». 2:00 «Телелерігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 6:45 «Жұлдызды жекпе-жек». 8:30 «Бір туынды тарихы» д/фциклі. 9:00 «Дала battle». 10:00 Megaхит. 12:00 «Шашу». 13:00

## СЕНБІ 21 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 6:45 Aqparat. 7:20 «Қазақтар». 7:55 «Дәуір даналары». Д/ф. 8:40 «Күй-керуен». 9:15 «Зинһар». 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Домалақ ана». К/ф. 15:40 «Көңіл толқыны». 16:15 «Мұзды өлке 2». М/ф. 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:20 «Másele». 21:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Көңілашар». 0:30 Aqparat. 0:50 «Зинһар». 1:30 «Másele». 2:10 «Қазақтар». 2:40 «Жәдігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 «Көршілер». 8:45 «Өзін-өзі тану».

## ЖЕКСЕНБІ 22 МАМЫР

## QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 6:45 «Күміс көмей». 7:25 «Тайруу». 8:00 «Ақсауыт». 8:25 «Әндер мен жылдар». Концерт. 10:00 «Гүлдер құпиясы». 12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар». 13:50 «Мұзды өлке 2». М/ф. 15:35 «Жан анам». Концерт. 17:30 «Күй-керуен». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 «Арта». 20:50 Д/ф. «Мал ұрлығы мазалап тұр». 21:15 «Көңілді тапқырлар алаңы». 22:40 «Жат мекен». 23:40 «Әндер мен жылдар». Концерт. 0:40 «Арта». 1:30 «Күміс көмей». 2:20 «Ақсауыт». 2:40 «Жәдігер».

## ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 «Көршілер». 8:45 «Самопозна-

ni battle». 10:00 Megaхит. 12:00 «Шашу». 13:00 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Megaхит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Кебенеқ». 22:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Кәбәж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «SарarTimes». 14:30 «Жаңа күн». 15:35 Шоу «Ду-думан». 17:00 «Айнұрдың арманы». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40

battle». 10:00 Megaхит. 12:00 «Шашу». 13:00 . «Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Бошьяя неделя». 16:00 Кино. 18:00 Megaхит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Ерекше бақылауда». 20:45 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Кебенеқ». 22:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 0:00 «Сырты бүгін».

## АСТАНА

06:00 «Кәбәж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жаңа күн». 15:35 «Келіндер». 17:00 «Айнұрдың арманы». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00«Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айта-

«Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Megaхит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Кебенеқ». 22:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 0:00 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кәбәж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жаңа күн». 15:35 «Келіндер». 17:00 «Айнұрдың арманы». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Қарындасым, қарлығашым». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00«Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айтарым бар». 03:25 «Astana times». 04:20 «Келіндер».

«Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Бошьяя неделя». 16:00 Кино. 18:00 Megaхит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Құстар әні». 22:30 «Құсайыновтар. Өмір жолы». 0:00 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кәбәж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Қарындасым, қарлығашым». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жаңа күн». 15:35 «Келіндер». 17:00 «Айнұрдың арманы». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00«Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айтарым бар». 03:25 «Astana times». 04:20 «Келіндер».

«Құсайыновтар. Өмір жолы». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Megaхит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По сути». 21:35 «Құстар әні». 22:30 «Қарлығаш ұя салғанда». 0:00 «Егіз жүрек».

## АСТАНА

06:00 «Кәбәж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Ұлым». 12:10 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Жаңа күн». 15:00 «Келіндер». 17:00 «Айнұрдың арманы». 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00«Ене». 02:00 «Ұлым». 02:40 «Айтарым бар». 03:25 «Astana times». 04:20 «Келіндер».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние»,

9:00 «XXI ғасыр көшпашысы». 10:15 «Tangy fresh». 11:00 Кино. 13:00 «Шашу». 16:00 Кино. 18:00 Хит жазамыз. 19:15 «Маска» 2 маусым. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований. Близке к делу». 23:30 «Кебенеқ».

## АСТАНА

06:00 «Кәбәж». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Ұлым». 12:20 «Туысқандар». 18:45 «Ду-думан». 20:00 «Астана кеші көнілі». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:35 «Брак или брат» х/ф. 01:00 «Астана кеші көнілі». 01:45 Ұлым». 02:25 «16 кыз» Х/ф. 04:00 «Үздік әзілдер».

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:20 «Судағы із».

ни». 9:00 Концерт. 11:00 Кино. 13:00 «Шашу». 14:00 «Маска» 2 маусым. 16:00 Кино. 18:00 Megaхит. 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Бошьяя неделя». 23:30 «Құстар әні».

## АСТАНА

06:00 «Кәбәж». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Кекеш келін». 11:20 «Ұлым». 12:20 «16 қыз» Х/ф. 14:20 «Шаншар». 18:00 «Брак или брат» х/ф. 20:00 «SарarTimes». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:30 «Айнұрдың арманы». 01:40 «Ұлым». 02:20 «Ой мен ойын». 03:50 «Үздік әзілдер».

## КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:50 «Әндер мен жылдар». 10:00 «Юморина». 12:20 «Ночь по-

«SарarTimes». 03:25 «Astana times». 04:20 «Келіндер».

## КТК

07:05 «Дау-дамайсыз». 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:40 «Юморина». 12:00 «Любовь как мотив». 13:50 «Наследники». 17:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Тайна Лилиг». 01:30 «Верни мою любовь». 02:20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03:50-04:20 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Дылды». 09:50 «Женский доктор». 10:50 «Спасти Веру». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлләш». 15:20

рым бар». 03:25 «Astana times». 04:20 «Келіндер».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09:50 Новости. 10:30 «Тайна Лилиг». 14:40 «Наследники». 17:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Тайна Лилиг ». 01,30 «Верни мою любовь». 02,20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03,50-04,20 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Дылды». 09:50 «Женский доктор». 10:50 «Спасти Веру». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлләш». 15:20 «Г-

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09:50 Новости. 10:30 «Тайна Лилиг». 14:40 «Наследники». 17:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Тайна Лилиг». 01:30 «Верни мою любовь». 02:20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03:50-04:20 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Дылды». 09:50 «Женский доктор». 10:50 «Спасти Веру». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлләш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спасти Веру». 21:30 «Аппак келін».

## КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Бір кем дүние», өзбек т/х. 09:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09:50 Новости. 10:30 «Тайна Лилиг». 14:40 «Наследники». 17:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Тайна Лилиг». 01:30 «Верни мою любовь». 02,20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03,50-04,20 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Идеальная семья». 09:50 «Женский доктор». 10:50 «Спасти Веру». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлләш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спасти Веру». 21:30

өзбек т/х. 09:00 «Ozat отбасы», ток-шоу. 09:50 Новости. 10:30 «Тайна Лилиг». 14:40 «Наследники». 17:30 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Дау-дамайсыз». 20:35 «КТКweb». 21:00 Вечерние новости. 21:40 Спецрепортаж. 22:00 «Зинка-москвичка». 01:30 «Верни мою любовь». 02,20 «Мұңды ызғар», өзбек т/х. 03,50 «КТКweb». 04,10-04,40 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 «Серт пен сезім». 07:30 «Қадам». 08:30 Оян, Qazaqstan Music. 09:00 «Идеальная семья». 09:50 «Женский доктор». 10:50 «Спасти Веру». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Q-елі». 14:30 «Зың-зың Күлләш». 15:20 «Гадалка». 16:20 «Идеальная семья». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/ф «Я думаю, ты бу-

дешь всегда». 21:30 «Аппак келін». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:10 «Айба». 00:50 «Студия 7». 01:20 «Гадалка». 02:20 Оян, Qazaqstan Music. 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:10 «Қуырдақ».

«Гадалка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор». 18:30 «Айба». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Спасти Веру». 21:30 «Аппак келін». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:10 «Айба». 00:50 «Студия 7». 01:20 «Гадалка». 02:20 Оян, Qazaqstan Music. 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:10 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 08:05 Документальный фильм. 09:00 Мультфильм. 09:30 «Ән шашу». 10:00 Д/ф «Ұлы жазушылар». 11:15 «Биші қыз» К/ф. 12:30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 13:00 «Президент Жолдауы: сенімге – серпіні!».

далка». 16:20 «Дылды». 17:30 «Женский доктор». 19:30 «Спасти Веру». 21:30 «Аппак келін». 22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:10 «Айба». 00:50 «Студия 7». 01:20 «Гадалка». 02:20 Оян, Qazaqstan Music. 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:10 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Веселая разминка». 08:05 «Бүгін». 08:35 Документальный фильм. 09:30 «Ән шашу». 10:00 «Әмір Мажитов» Д/ф. 10:40 Мультфильм. 11:00 «Баксы» Д/ф. 11:30 Т/х «Кешір, мен сені сүйемін». 13:00 «Бүгін». 13:30 Д/ф «Өркеннет тарихы. Өзеннің кері ағысы». 14:25 «Алаяқтар» К/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультфильм. 16:30 Т/х «Кешір, мен сені сүйемін». 18:00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18:15 Д/ф«Әлемдегі мәдени

22:30 «Қадам». 23:20 «Ата-ана. Бала-шаға». 00:10 «Айба». 00:50 «Студия 7». 01:20 «Гадалка». 02:20 Оян, Qazaqstan Music. 02:40 «Тамаша». 03:30 «Япырай». 04:00 «Айна-online». 05:10 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08:00 «Таңғы жаттығу». 08:05 «Бүгін». 08:35 Документальный фильм. 09:30 Мультфильм. 10:00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Вьет

**Жоғары физикалық дайындықпен қатар, ішкі жігерді, батылдықты, жеделдікті талап ететін өрт сөндіру қызметінің жауапкершілігі тым ауыр. Бүгінгінің батыры саналатын мамандық иесінің мойнында адамдық, жанашырлық, мейірімділік сынды ең жоғары құндылықтар болуы аса маңызды. Себебі – өрт сөндіруші адам өміріне жауапты.**

Жезқазған-Ұлытау аймағы бойынша 229 өрт сөндіруші бар, оның 67-сі Жезқазған шаһарында еңбек етуде. Аталмыш мамандықта өрт сөндіру көлігін жүргізушілерге сұраныс мол. Қазірдің өзінде Жезқазғанда 6 жүргізушінің орны бос тұр. Өз алдына төтенше жағдайлар министрлігі болып қайта құрылған мекеметтік органда өрт сөндірушілердің әлеуметтік жағдайын қолдау мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Алдағы уақытта олардың да жалақысы көбейіп, әскери қызметкерлер сынды пәтеракы төлену қарастырылуы.

Ұлытау облысы дәрежесін алуына байланысты Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында да алдағы уақытта екі өрт сөндіру бөлімінің ғимараты бой көтермек. Құрылыс жұмысына 600 млн теңге бөлініп отыр.

Өлім мен өмір арасында жанталасып, тілсіз жаудың ортасында қалған жандарды құтқару, оған төтеп беруге екінің бірінің жүрегі дауаламайды. Сондықтан бұл салаға келетіндер қатары сирек. Жақында біз жас өрт сөндірушілердің ант қабылдау рәсіміне куә болдық.

«Мәңгілік алау» саябағында өткен іс-шарада өрт сөндірушілер еліне қасық қаны қалғанша қызмет етіп, азаматтық қорғаныс саласында ерлікпен еңбек етуге ант берді. От пен судың арасында өмір үшін айқасатын бүгінгінің батырлары елге пана болатындықтарын ұқтырып, сенімімізді еселей түсті.

## ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



Жас мамандарға сәттілік тілеген азаматтық қорғау полковнигі Бектемір Құдайбергенов, зейнетке шыққан өрт сөндірушілерге Алғыс хаттар табыстап, сый-сияпатын жасады.

Аталмыш шараға төтенше жағдайлар басқармасы Жезқазған аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы, запастағы подполковник Зейінқабден Жалмұханов пен сала ардагері, подполковник Серікбай Бөрменше де қатысып, жастарға ақ тілегі мен ақыл-кеңестерін жеткізді.

– Құтқарушы болу кез келгеннің қолынан келетін оңай жұмыс емес. Сендер алдында кім келсе де, ол досын, жауын, тіпті

танысың да емес, сен оны бәрібір құтқаруға міндеттісің. Құтқарушы мамандығы ғасырлармен бірге жасап келеді. Ол ұлтқа бөлінбейді. Соғыс алаңында да бірінші жауапкершілік құтқарушының мойнына түседі. Халық сендерге үміт артады. Сендерге қарасам, көңілім қуанады. Барлықтарың дерлік денелерің шымыр, бойларың ұзын азаматсындар. Ендігі қажеті – Отан алдындағы борышты атқару ғана. Осынау жолда бәріне сәттілік тілеймін, – деген зейнеткер Серікбай Бөрменше көрген-білгенімен, көңілге түйгенімен бөлісіп, ақылын айтты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.

### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Теректі ауылының тумасы Қаныш Камалұлы ҚАРАЖІГІТОВ!**

Сізді 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Еңбегіңнің жемісін көріп, жанұяңызбен бақытты да баянды ғұмыр кеуіңізге тілектеспіз.

Ізгі тілекпен Теректі ауылының 1989 жылғы түлектері



### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.**

*Қадірлі оқырман!*

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

*Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!*




**Whatsapp 8(701)-118-88-08**

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Saryarqa» газеті «Қыз өссе – елдің көркі» атты сұлулар байқауын ұйымдастырады. Байқауда 18-35 жас аралығындағы сәні мен сымбаты келісті, өз кәсібінде биікпен көріне білген назікжандылар бақ сынай алады. Әр ай сайын газет бетіне суреті жарияланған арулар арасында «Saryarqa» газетінің сайты мен фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілерінде публикациялар жарық көріп, лүпіл (лайк) санымен жеңімпаз анықталады. Жыл соңында ең көп лүпіл жинаған сұлуларға жүздеді орындар тағайындалып, кәделі сыйлықтар табысталамын болады. Байқауға қатысушылар бет-әлпеті, бойы анық көрінетін сапалы фотолары мен өздері туралы қысқаша ақпаратты sa\_jez@mail.ru электронды мекен-жайына немесе 8 777 457 31 72 уатсап нөміріне жолдай алады.

## Қыз өссе – елдің көркі



### Сәнгүл ҚОНЫС

04.09.1997 жылы Ұлытау ауданы, Егінді ауылында дүниеге келген. Кішкентай кезінен кітап оқуға құштар болып өседі. Ол мектепте қатарларының алды болып, көптеген жарыстардың жеңімпазы атанған.

11-сыныптан кейін Жезқазған қаласындағы О. А. Байқоңыров атындағы жоғарғы оқу орнының қазақ тілі және қазақ әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша оқуға түсті. Студенттік жылдарында аймақтық «Дидар» телеарнасында жұмыс істеп, БАҚ саласында бақ сынап көрді. Жоғарғы оқу орнын үздік дипломға тәмамдағаннан кейін, еңбек жолын өзі білім алған университетте қабырғасында жалғастырды.

Бүгінде қос қыздың анасы атанған Сәнгүл ана болумен қатар, келіндік міндетін де абыроймен алып жүр. Сәнгүл жеке кәсіппен де шұғылданады. Бүгінгі заман талабына сай SMM саласында меңгерген Сәнгүл – көркем де ибалы мінезімен қазақ қызы деген атқа кір келтірмей жүрген жандардың бірі.

## ВЕЙПТЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

**Бұрындары ересектер балаларының темекіден аулақ болғанын қалап, шыр-пыр болатын. Темекіні түйірлеп сатып алып, оған сіріңке іздеп әуре болатын, оны оңашада шегіп, бұрқыраған иісі арқылы үлкендерге оңай ұсталып қалатын бала тірлігі есіңізде болар. Әйткенмен, бүгінгі заман келбеті басқаша. Қазіргі жасөспірімдер сіз бен біз білетін темекіге онша әуес емес. Олардың ермегі бөлшектеу. Қазіргілер шылымның орнына вейпті таңдайды. Атауы құлаққа онша таныс емес бұл сөз ағылшынның «vape» – «буды жұту және шығару» сөзінен пайда болған. Көлемі оттықтың көлеміндей бұл құрылғыны көрген баларсыз. Басқаша электронды темекі деп айтуға болады.**

Вейптің елімізге келгеніне 1-2 жылдың ғана жүзі болды. Алғашында ересектер оның темекінің орнын басып, шылым тартудан құтылуға көмектесетініне сенді. Солай өздерінің өзгеріс жасамаққа бет бұрып, электронды темекіні шеге бастады. Дегенмен, соңғы уақытта темекінің бұл түрі өте қарқынды жылдамдықпен таралып кетті. Қазір екі баланың бірі осы вейпті қолданып көрген дәрежеге жетті.

Сонымен шынымен де вейп жұрт айтып жүргендей темекіні тастауға көмектесе ме? Ғалымдар вейптен бөлінетін никотин кәдімгі шылымға қарағанда азырақ мөлшерде болғандықтан және ол темекіні тартқандай көмейге әсер етпейтінін айтқанымен, одан келер зиян аз еместігін дәлелдеді. Аккумулятор және буландырғыштан тұратын электронды темекінің екі түрі бар. Біріншісі – бір реттік. Ол бір реттен кейін тез таусылып қалады. Бағасы да арзанырақ. Екінші түрі – көп реттік. Оны күнде ұялы телефоныңызды қуаттағандай тоқ көзіне қосып отырасыз. Сәйкесінше бұл ұзақ уақытқа жетеді, бағасы да әжептәуір қымбаттырақ. Сонымен электронды темекі құрамына тоқталсақ. Вейп ингалятор секілді. Ішіндегі сұйықтық қайнағанда бу шығады. Сұйықтықтың құрамында глицерин, пропиленгликоль, никотин, акрелейн және хош иісті қоспалар бар. Кейбіреуіне никотин қосылмауы мүмкін. Әйткенмен мұндай түрі нарықта сұранысқа аса қатты ие емес. Электронды темекі құрамындағы глицерин жұмсақтық беру үшін қосылды екен-мыс. Дегенмен, глицерин аллергиядан зардап шегетіндер үшін қауіпті, жоғарғы тыныс жолдарының спазмын тудырады, нәтижесінде жөтел пайда болады. Глицерин сонымен қатар мұрын-жұтқыншақ пен терінің құрғауын арттырады. Ол бастысы – бүйректің басты жауы. Пропиленгликоль ағзада жинала келе, аллергиялық реакция тудырады. Тіпті, іріңге ұласып, бауыр мен бүйректі зақымдайды. Акрелейн



болса көздің шырышты қабаты мен тыныс алу жолдарын тітіркендіріп, жас ағуына, мутагендік сипатқа әкеледі. Ал формальдегид орталық жүйке жүйесіне әсер етеді. Сұйықтықтағы хош иістендіргіштер аллергиялық дерттер тудырып, демалу жолдарынан бастап, бронхты демікпеге дейін жеткізіп жатады. Никотиннің зиянын барлығыңыз білетін боларсыздар. Демек никотині бар ауаны жұтқан адамда бас айналып, жүрегі айнып, басы ауырады. Іш ауруы мазалайды. Бастысы – никотин ақ қан ауруына себепкер.

Түрлі жеміс дәміндегі хош иістендіргіштер құрамында диацетил атты улы зат бар. Ол қазіргі таңда тамақ, сусын өндірісінде жиі қолданылады. Дегенмен, оны ішке тарту өкпеге зиян келтіреді.

Бұған қоса Беркли университетіне қарасты Лоурен атындағы ұлттық зертхана мамандары вейптен уытты заттардың 31 түрі бөлінетінін анықтады. Оған қоса, хош иісті сұйықтықты көп жағдайда қолдан жасайды. Содан бағасы да арзан. Ал аккумулятор қызып тұрғанда канцерогенді заттардың мөлшері көбейеді. Аккумулятор жарылып кетуі де мүмкін. Бұны босқа айтып отырған жоқпыз. 2019 жылы Америкада вейп 17 жасар баланың аузында жарылып кетті. Сол мезетте балалық бар тісін түбімен қопарып түсіріп, жақ сүйегіне зақым келтірген. Бұл аз десеңіз осы жылы 25 жастағы жігіт вейптің жарылып кетуінен жан тәсілім етті.

Қазіргі таңда қазақстандық мектеп оқушылары арасында вейптен келер қауіп ұлғайып отырған. Себебі әрбір үшінші оқушы электронды темекіні қолданып көрген. Біздің қаламызда да вейпке әуес жасөспірімдер саны азаймай тұр. Мысалы, әрбір мектептегі учаскелік полиция қызметкері айына кем дегенде 3-4 вейп шеккен оқушымен жүздеседі екен. Кейде біреуін анықтау барысында бір мектептен 15-20-ға дейін вейптің қызығына алданған оқушыларды анықтайтын көрінеді. Міне қауіп. Мамандар баланың жас ағзасы вейптің зиянына төтеп бере алмайтынын айтып зар қағуда. Быыл күз айларына дейін қаланың белді деген ірі сауда желілерінде вейп ашықтан ашық, кез келген балаға сатылып келіпті. Ата-аналардың шағмымен мұндай орындар анықталып, айыппұл салынған. Қазір оқушыға электронды темекі сатуға рұқсат жоқ. Сатқан адам заң аясында жауапқа тартылады. Дегенмен, бір ғана инстаграм әлеуметтік желісінде ашықтан ашық вейп саудасымен айналысып отырғандарды, оларда тегін жеткізу қызметі барын көріп, тағы да ойланып қалдық.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.